

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№124 (9442) | 1954 жылғы 22 июнь Сейсенбі | Шығуына 35 жыл
және 20 жыл

Жаңа жерлерде пар жырту қарқыны арттырылып, сапасы жақсартылсын

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті өзінің «Тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен 1954—1955 жылдары астық өндіруді арттыру туралы» қаулысында елімізде дәнді дақылдардың шығымдылығын арттырумен қатар, астық өндіруді арттыру үшін жаңа жерлерді игерудің орасан зор маңызы бар екенін атап көрсетті. Сонымен бірге, жаңа жерлерді игеру есебінен астық өндіруді арттырудың нақтылы шараларын белгілеп берді.

Облысымыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілері осы белгіленген шараларды мұлтсіз жүзеге асыру үшін қажырлылықпен күресе отырып, үстіміздегі жылдың көктемінде тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен ауылшаруашылық дақылдар өгісінің көлемін өткен жылғыдан 150 мың гектар ұлғайтты. Жаңадан игерілген жерлердің көпшілігіне аса бағалы азық-түліктік дақыл—жаздық бидай өсіледі.

Кәсір колхозшылар, МТС, совхоз қызметкерлері өздерінің алдына келесі жылдың өгістері үшін тың және тыңайған жерлер есебінен 336.700 гектар пар жырту міндетін қойып отыр, бұл міндеттің меремінде және жоғары сапада жүзеге асырылуы 1955 жылы дәнді дақылдардың жаңадан игерілген жерлер есебінен жақсы әзірленген парға және зыбке орналастырылуын қамтамасыз етеді. Мұның өзі біріншіден, келесі жылы көктемгі жұмыстарын едәуір жеңілдетсе, екіншіден, топырақта ылғалды мол жыйнауға, өгісті арам шөптен таза ұстауға және жаздық дақылдардың жақсы өсіп, мол өнім беруіне қолайлы жағдай жасайды.

Міне, сондықтан да алдыңғы қатарлы шаруашылықтар бұл күндері парды, әсіресе, тың және тыңайған жерлер есебінен барынша мол дайындауға ерекше назар аударуда.

Бұған мысал ретінде Совет ауданындағы «Көктерек» колхозын алайық. Бұл колхоздың мүшелері Совет МТС-нің Погуляев жолдас басқаратын трактор бригадасының механизаторларымен тығыз ынтымақтаса отырып, тың және тыңайған жерлерде пар жыртуға тракторлардың қуатын өнімді пайдаланды. Сөйтіп, тың және тыңайған жерлер есебінен пар жыртудың белгіленген жоспарын аз уақыт ішінде, жоғары сапада толық орындалып шықты. Осы аудандағы «Аралғаш»

д. Міне, бұлардың бәрі тың және тыңайған жерлерді жырту болғаннан кейін оны өңдеуге көп күш жұмсалудың берек етеді.

Пар көтеруде, әсіресе, тың және тыңайған жерлерде пар көтеруде агротехникалық ережелердің ерекшелігі бурмалануының басты себебі Полудень МТС-нің директоры Лосев жолдас трактор бригадаларында болғанда плуттердің, қосымша түрлендерінің қалай тәртіпке келтірілгеніне, жұмыстың сапасына назар аудармайды. Ал, бұл МТС-тің агрономы мен механик бригадаларда өте сирек болады. Колхоз председателдері, трактор және өгіс бригадаларының бригадирлерінен, тракторшылар мен тіркеушілерден істің сапасын жақсартуды нашар талап етеді. Өгіс бригадаларының бригадирлері жыртылған жерлерді күн сайын қабылдап отырмайды, көп жағдайда, олар жұмыстың сапасын тексермей-ақ, трактор бригадаларының есепшілері жасаған қабылдау актыға «жұмыс сапасы жақсы, қабылдап алынды» деп қол қоя салуды әдетке айналдырған. Мұндай кемшіліктер жалғыз Полудень ауданының колхоздарында ғана емес, басқа да аудандардың бірқатар колхоздарында орын алып отыр.

Тың және тыңайған жерлерде пар көтеру жұмысының қарқыны баяу, сапасы нашар болуына облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы да кінәлі. Өйткені, оның мамандары колхоздардағы пар жыртудың барысымен жете танысып, олардағы орын алып отырған кемшіліктерді жоюға қолма-қол көмектесіп отырмайды. Облыс колхоздары үстіміздегі жылы тың және тыңайған жерлер есебінен 245 гектар пар жыртуға тиіс болса, мұның қаншасы жыртылғанын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасындағылардың ешқайсысы білмейді де.

Кәсір ауа райы пар көтеру үшін өте қолайлы болып тұр. Осындай қолайлы уақыттың әрбір күнін өнімді пайдалануды және жұмыстың сапасын жақсартуды ұйымдастыру—жергілікті партия, совет ұйымдарының, МТС, совхоз директорлары мен мамандарының, колхоз председателдері мен өгіс, трактор бригадалары бригадирлерінің және барлық механизаторлардың маңызды міндеті.

Жақында Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан ККП Орталық Комитеті

БЛКЖО Орталық Комитеті комсомол ұйымдарының 1954 жылы колхоздар мен совхоздарда жемшөп дайындауға қатысуы туралы қаулы қабылдады. БЛКЖО Орталық Комитеті комсомол ұйымдарын жемшөп дайындауға, мал азығындық дақылдар өгісін күтуді өткізуге және жемшөп сүрлейтін құрылыстарды салуға неғұрлым белсенді қатысуға міндеттеді. Осыған байланысты комсомол ұйымдарына комсомолецтер мен жастар арасында жемшөп дайындаудың әрбір колхоз бен совхоз бойынша тағайындалған жоспарларын толық және асыра орындау жолындағы жарысты кеңінен өрістетуге міндетті қойды. БЛКЖО Орталық Комитеті комсомол ұйымдарына шөп шабу, шөп сүрлейтін құрылыстар салу, шөп сүрлеу жөніндегі жастар бригадалары мен звеноларын құруды, жемшөп дайындауға және мал азығындық дақылдар өгісін күтуге жастардың жаппай шығуын ұйымдастыруды ұсынады. Шөп шабатын әрбір агрегаттың сменалық жұмыс нормасын толық және артығымен орындауына жету керек. Шөп машиналарын пайдалануға мүмкін болмаған жерлерді комсомол ұйымдары бірде-бір гектар шабындықтың шөбі жыйналуы үшін жастардың күшімен шөпті қолжалғымен шабуды ұйымдастыруға тиіс. Комсомолецтер мен жастар колхоздар мен совхоздарға сүрлеу үшін табиғи шөптерді кеңінен пайдалануға көмектесуге міндетті. Жемшөп дайындау, мал азығындық дақылдар өгісін күту, жемшөп сүрлейтін құрылыстар салу жөніндегі жұмыстарға қажетті жағдайларды партия органдарымен келісіп, мемлекеттік ұйымдардың жұмысына нұқсан келтірмей, қалалар мен жұмысшылар поселкелерінің жастары қатыстырылсын.

Аудандық, қалалық, облыстық, өлкелік комсомол комитеттері, одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттері жемшөп дайындау жөніндегі жұмыстарда инициатива көрсеткен комсомолецтер мен жастарды үнемі көтермелеп отыруға тиіс.

Комсомол ұйымдарын колхоздар мен совхоздарда берік жемшөп базасын жасау жөніндегі жұмыстарға белсене қатысу мақсатымен БЛКЖО Орталық Комитеті аудандық комсомол ұйымдарының жемшөп дайындау жөніндегі Бүкілодақтық социалистік жарысын жариялауды қажет деп тапты. Өзінің белсенді жұмысымен мына табыстарға жетуді қамтамасыз еткен аудандық комсомол ұйымдары жарыста жеңіп шығушылар деп есептелінеді:

—МТС-терде, совхоздар мен колхоздарда шөп жыйнайтын машиналарды жөндеу ісін уақытында аяқтауға және оларды пішін жыйнауда толық пайдалануға жетуге, табиғи шабындықтар мен өкпе шөптердің барлық көлеміндегі шөп шабу ісін толық және деркегінде өткізуге көмектесуге керек;

—колхоздар мен совхоздарда сүрлеу үшін жүгері мен күнбағыстан мол өнім беруге, жемістемір, бақша және басқа мал азығындық дақылдардан мол өнім беруге көмектесуге тиіс;

—комсомолецтер мен жастардың қажетті мәлішерде жемшөп сүрлейтін құрылыстарды салуға белсене қатыстырып, колхоз-

БЛКЖО Орталық Комитетінде

Комсомол ұйымдарының 1954 жылы колхоздар мен совхоздарда жемшөп дайындауға қатысуы туралы

—колхоздар мен совхоздарға егін комбайнмен жыйналғаннан кейін барлық сабан мен топанды жыйнап, маялауды ұйымдастыруға көмектесуге тиіс.

Социалистік жарыста жеңіп шыққандар үшін 20—бірінші орын, 50—екінші орын және 30 үшінші орын, сол сияқты, жеке сыйлықтар ретінде 200 қолсағаттар беру тағайындалсын.

Бірінші орын алған аудандық комсомол ұйымдары БЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет Кітабына жазылады. Аудандық комсомол комитеттеріне сыйлыққа «Москвич» маркалы жеңіл автомобиль беріледі.

Екінші орын алған аудандық комсомол ұйымдары БЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет Кітабына жазылады. Аудандық комсомол комитеттеріне сыйлыққа үш дәрежелі мотоцикл беріледі.

Үшінші орын алған аудандық комсомол ұйымдары БЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет Кітабына жазылады. Аудандық комсомол комитеттеріне сыйлыққа радиоқабылдағыш беріледі.

Жемшөп дайындау жөніндегі жұмыстарда неғұрлым көзге түскен комсомолецтерге, жастарға, комсомол активтеріне сыйлыққа қолсағаттар беріледі.

Пішін шабу, мал азығындық дақылдардан мол өнім өсіру жемшөп сүрлейтін құрылыстар салу, жемшөп сүрлеу жөніндегі жұмыстарда өндірістік жоғары көрсеткіштерге жеткен комсомолецтер мен жастар, сол сияқты комсомолецтер мен жастардың жемшөп дайындауға белсене қатысуын қамтамасыз еткен комсомол активтері, комсомол қызметкерлері, бастауына, аудандық, қалалық комсомол ұйымдары, облыстық, өлкелік комсомол комитеттерінің, одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттерінің ұсынуы бойынша, БЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет Грамотасымен наградалады.

Аудандық комсомол ұйымдарының жемшөп дайындау жөніндегі Бүкілодақтық социалистік жарысының қорытындысы 1954 жылғы октябрьде шығарылады.

Облыстық, өлкелік комсомол комитеттері, одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттері 15 октябрьге дейінгі табиғи шаруашылық органдарымен бірлесіп, БЛКЖО Орталық Комитетіне жемшөп дайындауда ең жақсы табыстарға жеткен бір-екі аудандық комсомол ұйымдары жөнінде молдеттер тапсырады. БЛКЖО Орталық Комитеті облыстық, өлкелік комсомол комитеттерін, одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттерінің комсомол газеттерінің және журналдарының редакцияларын аудандық комсомол ұйымдарының жемшөп дайындау жөніндегі социалистік жарысы туралы кеңінен жазылуын қамтамасыз етуге міндеттеді.

БЛКЖО Орталық Комитеті комсомолецтер мен жастарды пішін шабу, мал азығындық дақылдардан мол өнім өсіру, жемшөп сүрлейтін құрылыстар салу және жемшөп сүрлеу жөніндегі жұмыстарды ойдағыдай өткізу жолындағы күреске белсене кірісіп, колхоздар мен совхоздардағы малдың жемшөп-

Қ. Нұров —Ігілікті бастаманы қызу қуаттады. (4-бет).
А. Ярхо. —Облыстық VII спартакиада аяқталды. (4-бет).
Г. Көрпешова. —Үлгілі клуб (4-бет).
Ж. Мұқанов. —Емтихан тапсыру жұмысы ойдағыдай өтуде (4-бет).

Хауіпсіздік Советінде (4 бет).
Иденнің Чжоу Эн-лаймен кездесуі (4-бет)
ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссарының аппаратының қайта ұйымдастырылуы және қысқартылуы туралы (4-бет).
ССРО мен Исландия арасындағы сауда қатынастары жағында (4-бет).

ССРО Әуе Флоты Күніне арналған Москвадағы салтанатты мәжіліс

19 июньде, Москвада ССРО Қорғаныс министрлігінің партия, совет және қоғам ұйымдарымен басқосқан, ССРО Әуе Флоты Күніне арналған салтанатты мәжіліс болды.

Горький атындағы Орталық мәдениет және демалыс паркінің ал-қызыл тран-спарантармен және ұрандирмен безендірілген Жасыл театрына генералдар, офицерлер, Совет Армиясының даңқты ұшқыштары, астана кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметшілері, партия және совет қызметкерлері, ғалымдар мен жазушыларлық толды.

Салтанатты мәжілісті Авиация маршалы П. Ф. Жигарев ашты.

Жыйналғандар Жигарев жолдастың жауынгер совет халқының, Совет Армиясының, Соғыс-Теңіз және Әуе Флоттарының құрметіне, даңқты Коммунистік партияның және Совет Үкіметінің құрметіне арнаған құттықтау сөздерін ду қолпапалақтаумен қарсы алды.

Бүден кейін әуе флотының ұшқыштары және авиация өнеркәсібінің қызметкерлерін астана еңбекшілері атынан—ЮКП Москва қалалық комитетінің секретары И. Т. Марченко жолдас, Авиация өнеркәсібі қызметкерлері атынан—Авиация өнеркәсібі министрі П. В. Демонтьев жолдас, Мәскеудің комсомолецтері мен жастары атынан—БЛКЖО Москва қалалық комитетінің секретары М. Ф. Давылов жолдас мерекелен құттықтап, олардың бұдан былай да зор табыстарға жетуіне тілек білдірді.

Салтанатты мәжіліске қатысушылар үшін концерт берілді.

(СОТА).

Еліміздің егін да асында

КНЕВ, Одесса және Дрогобыч облыстары парды алғаш рет культивациялауды аяқтады. Жаңбырдан кейін шыққан тамырларды күрту үшін көптеген МТС-тердің механизаторлары, Черкасскі, Вильнюс, Одесса және Харьков облыстарының механизаторлары парды екінші рет өңдеуде.

СИМФЕРОПОЛЬ. Жиі-жиі жауған жаңбыр, күннің жылылығы, жүгерінің, күнбағыстың және басқа да отамалы дақылдардың жақсы қаулап өсуіне мүмкіндік беруде. Отамалы дақылдардың қатарылығын өңдеуді жеміс мәрзімдерде жүргізу үшін Симферополь, Чистенск және

ру жұмысына күш-мүмкіншілік өнімді пайдаланылып келеді. Осының нәтижесінде колхозда кәзір тың және тыңайған жерлер есебінен 650 гектар пар жыртылып, бұл жөніндегі белгіленген жоспар 93 процент орындалды.

Сол сияқты, Совет, Қыялы астық совхоздарында жаңа жерлерде пар көтеруге қуатты тракторлар, іс тәжірибесі мол механизаторлар бөлінді. Совхоз басшылары мен мамандары механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыра беруіне қолайлы жағдайлардың бәрін жасауда. Механизаторлар өзара социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, тың көтеруді күнітүні бірдей жүргізіп келеді. Кәзір бұл совхоздарда тың көтеру жоспары 75—80 процент орындалып отыр.

Дегенмен, тың және тыңайған жерлерде пар жыртудың барысы барлық колхоздар мен совхоздарда бірдей ойдағыдай жүргізіліп келеді деуге болмайды. Чистов, Октябрь, Қызылжар совхоздары тың және тыңайған жерлер есебінен пар көтеруде төзгісіз артта қалып отыр. Ал, Тоқшын совхозы тың жерде пар жырту жұмысына 15 июльге дейін кіріспеген де.

Сол сияқты, бірқатар колхоздар мен МТС-тердің басшылары да тың және тыңайған жерлерде пар көтеру ісіне жете мән бермей жүр. Осы себепті бұл жұмыс мүлде ұзаққа созылып келеді. Оның үстіне парды сапасыз жырту сияқты зиянды фактілерге жол берілуде. Мысалға Полудень ауданындағы Полудень МТС-ін алайық. Пар жыртуға техника қуатының толық пайдаланылмауы, механизаторлардың сменалық тапсырмаларын орындамауы сияқты өте қолайсыз және зиянды жағдайлар бұл МТС-тің барлық трактор бригадаларында орын алған.

Сонымен бірге, бұл МТС-тің бірқатар трактор бригадаларында тың және тыңайған жерлерді жыртудың сапасы төмен. Оларда плугтердің қосымша түрлендері оның негізгі корпустарының жыртығын тереңдігін қамтыйтын етіп қойылған. Осыдан барып жер қыртысының шым қабаты борозданың түбіне түсірілмейді, қара топырақты қабат ұсақталмайды. Бір участкакті жыртар алдында оның екі жақ басына бақылау борозда тартылмайды. Сондықтан ол участоктердің трактор айналатын бастары жырымдалып, көп жағдайларда атжал қалдырылып жыртыла-

дынан жыртылған жерлерде көтерілген тарға ықтырма егістерін егу туралы қаулы қабылдады. Бұл қаулыда парға ықтырмалы егіс егу топырақта ылғалды мол жыйнауудың және ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттырудың маңызды шараларының бірі екені атап көрсетілген.

Сонымен бірге, жергілікті партия, совет ұйымдарынан колхоз, МТС, совхоз басшыларынан ықтырмалы егіс егуге тезінен кірісіп, оны 10 июльден кешіктірмей аяқтау талап етілген.

Бұл міндетті держесінде, жоғары санада орындап шығу үшін аудандардың колхоз, МТС, совхоздардың басшылары парға ықтырма егуді күні бүгіннен бастап ұйымдастырып, оны басқа шаруашылық жұмыстармен ұштастыра жүргізуді қамтамасыз етулері керек. Алайда, бірқатар аудандарда ықтырмалы егіс егуге әзірліктің кәзіргі барысы мүлдем қанағаттанғысыз екенін айтып аламыз. Ықтырма егіс үшін күнбағыстың тұқымы аудандарда дайындау пункттеріне әлде қашан ақ жеткізілді. Бірақ, аудан МТС, колхоз басшылары бұл тұқымдарды колхоздарға бөлу және тасымалдау жұмыстарын кешейдетіп отыр. Ол-ол ма, тіпті кейбір аудандарда парға ықтырма егісін егудің тапсырмасы колхоздар мен МТС-терге жеткізілмеген. МТС мамандары ықтырма егісін егуді жүргізу үшін ат және трактор саялаларын икемдеп әзірлеуді де нашар ұйымдастырып келеді.

Тың, тыңайған және бұрыннан жыртылған жерлерде пар көтеру, парға ықтырмалы егіс егу, жыртылған парды күту жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге кәзір баса көңіл бөлу шарт. МТС агрономдары бұл жұмыстардың басы-қасында үнемі болып, оның сапалы болуы үшін күресулері керек. Сондай-ақ жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары, МТС, колхоз, совхоз басшылары пар көтеру, оны баптап, күту, ықтырмалы егіс егу жұмыстарына күнбе-күн басшылық етіп, кездескен кемшіліктерді дереу жою шараларын қолданулары қажет.

Келесі жылы ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға маңызды шаралар — пар көтеру, ықтырмалы егіс егу жоспарларын әрбір колхоз, совхоз бойынша толық және асыра орындайық!

партия тарихы институты — СОКП Орталық комитеті жаңындағы Маркс — Энгельс — Ленин — Сталин институтының филиалы. (ҚазТАГ).

В. И. Ленин Шығармаларының 31 томы қазақ тілінде

Қазақ мемлекеттік баспасы В. И. Ленин Шығармаларының 31 томын қазақ тілінде басып шығарды.

Орысшасынан қазақшаға аударған Қазақстан КН Орталық Комитеті жаңындағы

ӨНДІРИСТЕН ҚОЛ ҮЗБЕЙ ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУДА

ХРОМ-ТАУ, (Ақтөбе облысы). (ҚазТАГ) Донскідегі хромит кенінің жұмысшы-жастар кешкі мектебінде кен басқармасының 100-ден астам жұмысшылары мен қызметшілері оқиды.

Бөптеген мектеп бітіріп шығушылар еліміздің орта және жоғары оқу орындарында өндірістен қол үзбей оқып, білімдерін көтеруде. Кен зерттеу партиясы-

ның қызметкері Савельев жолдас, сменалық техник Шульгин жолдас, сызушы Гамзюкова жолдас, техникалық бақылау бөлімінің бастығы Наумов жолдас — Москвадағы тау-кен институтында сырттан оқиды.

Еліміздің жоғары оқу орындары мен техникумдарында Хром-таудың 20 өндірісшісі сырттан оқиды.

мектесуін қамтамасыз ету керек;

Озат тәжірибе — көпке ортақ

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ТӘЖРИБЕМІЗ

Трактор бригадасында еңбек өнімділігін арттыру көп нәрселерге байланысты. Солардың ішінде ең негізгілері бригаданы тұрақты маман механизаторлармен толықтыру және барлық машинаны жұмысқа сапалы әзірлеу, оларды толық қуатымен пайдалану болып табылады. Сондықтан біз бұл мәселелерге ерекше назар аударуды әдетке айналдырып келеміз.

Біздің бригададағы механизаторлар бірнеше жыл бойы бір бригадала жұмыс істеп келеді. Олар бір-бірінің іске қабілеттілігін де, мамандық дәрежесін де, сонымен бірге, мінез, өзгешеліктерін де жеті біліп, түсініскен. Олардың қызу жұмыс үстінде бір-біріне жолдастық көмек көрсетісуі де нығайып, қалыптасып алған. Мұның өзі бригадада жұмыстың ұйымшылдықпен жүргізілуіне өзіндік жақсы әсерін тигізіп келеді.

Бригада мүшелері дала жұмыстарында еңбек өнімділігін арттыру үшін қыста трактор жөндеуді ойдағыдай өткізудің маңызы зор екенін түсінеді. Сондықтан да олар күзгі-қысқы жөндеу жұмысына тегіс қатысып, барлығы да өздеріне тапсырылған істі ұқыптылықпен атқарды. Әрбір тракторшы бригадаға бекітілген тракторлардың жайымен жете танысты. Олар трактор бөлшектерінің қалай жөңделгенін, оның жұмысқа жарамдылығын, жұмыс үстінде қай бөлшектерді жиі бақылап отыру керек екенін зерттеп біліп алды.

Бригадамыз бірнеше жыл бойы жұмыс істеп жүрген «Борба за коммунизм» колхозына келісімен -ақ, егістіктің тегіс кебуін күтпей, жерді іріктеп жұмыстауға кірісті. Тракторшылар көктемнің алғашқы күнінен бастап, машинаны техникалық жағынан күтуді ерекше ескеріп отырды. Байқалған кіші-гірім ақауды да іс үстінде тез жойып келді. Сөйтіп, бүкіл егіс жұмыстары бойында техникалық жарамсыздықтан бірде-бір трактордың тоқтап қалмауын қамтамасыз етті.

Колхоз басшылары трактор бригадасын қамтуға еңбек сүйгіш, алдыңғы қатарлы колхозшыларды бөлді. Тіркеушілер мен саялалардың көпшілігі, май, су тасушылар біздің бригаданы бірнеше жылдан бері қамтып келе жатқан, бұл жұмыстарға маманданып алған колхозшылар. Су тасушы С. Велий жолдас трактор жұмыс істеп жүрген әрбір егістік участкада су құйылған бөлшектердің болуын қадағалап отырады. Ал, май құюшылар тракторларға жанар майды үнемі бір мезгілде — смена ауысып жатқанда, тікелей боразда үстіңде құйып отырады. Тракторға май құюға кететін уақытты үнемідеу мақсатымен май құюшыға тракторшылар

мен тіркеушілер көмектесіп, жұмысты тездетуді әдетке айналдырып келеді.

Еңбек өнімділігін арттыру ісі тіркеу машинаның техникалық құтына үнемі назар аударуды, оларды жұмысқа уәдксіз пайдалануды талап ететін мәлім. Біздің коллектив мұны да бір минут естен шығарған жоқ. Смена ауысқан сайын тракторшылар машинаның бөлшектерін, винттерін қаншалықты байқап, оларды шаңнан тазартып отырса, тіркеушілер мен саялалар да тіркеу машиналарына сондай ұқыптылықпен тексеріп, бөлшектерін тазалап, сүртіп, майлап отырады.

Біз тракторлардың бөлшектерін смена сайын тексеріп сүртіп, майлап отырумен бірге күшібұрыш жасалған трафик бойынша машинаға техникалық күтім жасап отырамыз.

Бригада мүшелері социалистік жарысты еңбек өнімділігін арттырудың бір күшігі құралы деп есептейді. Сондықтан олар өзара социалистік жарыстың тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де әсерлі ұйымдастырылуына ынтық. Ал, бригаданы ұлғитып А. Руди, И. Миронов, И. Дзюба жолдас тракторшылардың бұл тілегіне сай жұмыс істеп жүр. Олар күш сайын бригада мүшелерімен әңгіме өткізіп, социалистік жарыста алған міндеттемені кім қалай орындап келе жатқанын хабарлап отырады. Бригада ішіндегі озат тракторшылардың табысқа жетуінің сырғын терең зерттеп, ол тәжірибені басқа механизаторларға хабарлайды. Газет, журналдарда жарияланған озат механизаторлардың әдістері жөнінде де әңгіме өткізіп тұрады.

Еңбек өнімділігін арттыру ісінде еңбекті дұрыс есептеудің де маңызы зор. Ол бригада мүшелерін жаңа табыстарға жігерлендіреді. Міне, сондықтан мен бригаданың есепшісі И. Дзюба жолдас әрбір тракторшының бір сменала не істегенін дұрыс есептеп, күн сайын смена аяғында оны тракторшыларға, бригаданың басқа мүшелеріне жеткізіп отыруды қатаң талап етемін. Бізде істелген істің нәтижесін әрбір смена аяғында көрсеткіш тақтаға жазу әдетке айналған іс. Колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы тракторшыларды, трактор бригадасын қамтытын колхозшыларды мәдени тұрмыс жағынан қамту ісін жақсартып отыр. Бригада мүшелері жақсы жабдықталған таза, жарық, вагонналарда тұрады. Әрбір апта сайын олардың моншаға түсуі ұйымдастырылады. Мәдениетті дем алулары үшін бригадада музыка аспаптары, шахмат, домино, көркем әдебиет және саяси-шаруашылық кітаптары бар. Бри-

гададағы кітапханаға жаңа газет, журналдар үнемі келіп тұрады.

Міне, осының бәрі бригада мүшелерінің еңбек өнімділігін арттыра оетуға жағдай құрылып отыр. Кәзірдің өзінде біз 10 аттық күші бар әрбір трактормен 300 гектар жер жұмыстадық. Басқана аптада трактор жұмыстарының жылдығы жоспары бригада бойынша 60,7 проценти орындалды. Сөйтп, біз МТС дирекциясы мен жұмысшылар комитетінің көпшілік қызыл Гуын жөніп алдық. Механизаторларымыз еңбек өнімділігін арттырудың әлі де толық пайдаланып отырған резервтерін зерттеп, оны толық пайдаланатын отырып, еңбек өнімділігін бұдан былай да арттыра беруді, сөйтіп, жыл аяғына дейін ауыспалы Қызыл Гуды беріп ұстауды көздеп отыр.

Жоғарыда еңбек өнімділігін арттыруға механизатор кадрларының мамандығы, олардың бір-біріне достық көмегі үлкен роль атқарады дедік. Бұл біздің практикалық жұмыстан айқын көрініп келеді. Тракторшы И. Шлегель, И. Кох жолдас «С-80» тракторымен былай бесінші жыл жұмыс істейді. Олар өздеріне бекітіліп берілген тракторлардың механизмін жақсы біліп алған. Сондықтан оны техникалық жағынан күтуді де дұрыс жүргізіп, машинаның қалтқысыз жұмыс істеуіне жетісіп жүр. Кох жолдас былай өз сменасында ғана жұмысқа жерге айналдырғанда 621 гектар жер жұмыстап, 421 еңбек күн, 2526 сом ақшалай табыс тапты. Оның сменашысы Шлегель жолдас — 606 гектар жер жұмыстап, 386 еңбек күн, 2316 сом ақшалай табыс алды. Ал, еженің тұтас алғанда бір трактормен жұмысқа жерге айналдырғанда 1227 гектар жер жұмыстап, бұл жұмыстың есебінен 200 килограмм жанар май үнемдеді. Сол сияқты Т. Брюховен, И. Чернобаев «С-80» тракторымен — 1063 гектар жер жұмыстады және екі центнерге жуық жанар май үнемдеді. Мұндай табыстарға «У-2» тракторымен жұмыс істейтін А. Вильям жолдас та ие болып келеді.

Кәзір бригада мүшелері пар жыртуды қызу жүргізіп келеді. Олар бұл жұмыста да сменалық тапсырмаларын үнемі толық және асыра орындай отырып, 400 гектар жер жыртып, мұның 150 гектардан астамы тың жер есебінен жыртылды. Біз әлі де болса еңбек өнімділігін арттырудың резервтерін іздеп тауып, оны өндіріске кеңінен пайдалана отырып, жаңа табыстарға жете беретін боламыз.

М. ИГНАТЕНКО,

Совет МТС-нің № 3 трактор бригадасының бригадирі.

мен аграторлары жұмысты сменалық істеуге көшірілді.

БРЕСТ. Шаршы. ұялап отырғызылған картоп пен жүгері жақсы өсіп келеді. Егін даласында жасыл шаршылар пайдаланды. Колхозшылар мен механизаторлар егінді баптап күтуге кірісті. Верховичев, Давыд -Городокев, Солоневж және Презанск МТС-терінің аймақтарында картоп өгісінің жартысынан астамы екі бағытта өңделіп болды.

(СОТА).

Мәдени тұрмыс хабарлары

*МИНСК. Белорусияның аудан орталықтары — Опшянде, Речицедө, Слуцкіде өлке тану музейлері құрылды. Олардың экспозициялары аудандардың экономикасы мен мәдениетін бейнелейді. Сталинск өлке тану музейінің ашылуына әзірлік жүргізілуде.

*ТАМБОВ. Облыстың жетіжылдық мектептерінің 1200-ден астам оқытушылары, оқу ісінің меңгерушілері Тамбовтың мұғалімдердің білімдерін жетілдіру институты жаңындағы бір айлық курстарда мамандықтарын арттыруда. Оқуға бастауыш мектеп оқытушыларының үлкен бір тобы келді.

*ТЮМЕНЬ. Балықшыларды қамту үшін Ямало — Ненецк облыстық партия комитеті суда жүзегін мәдениет базасын ұйымдастырды. Ол Ямайскінің, Надымскінің, Пурьшикардың және округтің басқа да аудандарының балық кәсіпшілік орындарында болды. Мәдениет базасының қызметкерлері әртүрлі тақырыптарға лекциялар оқыды, концерттер береді, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктер шығарудың тәжірибелерін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығына арналған автомаш налар

19 июльде Москваның Сталин атындағы автомобиль заводның коллективі ауыл шаруашылығына «ЗИС-150» және «ЗИС-51» автомобильдерін жөнелтудің жарты жылдық жоспарын орындады. Кеше Қызыл-Шығысқа 30 жүк машинасы және Саратов облысына 40 автомашина жөнелтілді.

Завод ССРО Дайындау министрлігіне және ССРО Совхоздар министрлігіне машиналар жөнелтудің жарты жылдық жоспарын асыра орындады.

САЛЬСК МЕХАНИЗАТОРЛАРЫ ОРАЛДА

БРЕДЫ. (Челябі облысы). 16 июнь. (СОТА). Брединск ауданының жеріне орналасқан жылқы заводның кең көлемде пайдаланылмай келген егістік жерлері бар. Үстіміздегі жылы ол 80 мың гектар тың жыртуға тиіс. Кәзірдің өзінде 15 мың гектар жер жыртылған.

Тың жерлерді жыртуда жылқы заводның коллективіне Ростов облысының механизаторлары көмектесуде. Орал даласына біржарым айға Сальскінің Буденный атындағы жылқы заводның 4 трактор бригадасы келіп, жаңа жерлерде жұмысқа кірісті. Сальскінің механизаторлары кемінде 20 мың гектар тың жыртуға ұйғарды.

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы З А Н

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1-статья. Қазақ ССР Министрлер Советі тапсырған, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті Бюджет комиссиясының баяндамасы бойынша қабылданған өзгертулермен, атап айтқанда: кірістері жағынан 5.350.884 мың сом және шығыстары жағынан 5.345.318 мың сом мөлшерінде, кірістері шығыстарынан 5.566 мың сом болып, оның үстіне, 1955 жылғы 1 январьға ауысатын бюджет қаржысының қалдықтары 159.400 мың сом мөлшерінде бекітілсін.

2-статья. Қазақ ССР-інің 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде халық шаруашылығын қаржыландыруға 2.107.023 мың сом, оның үстіне кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарының өз қаржысы есебінен 970.959 мың сом, барлығы 3.077.982 мың сом мөлшерінде қаржы жұмсау белгіленсін, мұның өзі 1953 жылғыдан 48,8 процент артады деген сөз.

3-статья. Қазақ ССР-інің 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде өлеуметтік-мәдени шараларға 2.797.781 мың сом мөлшерінде қаржы жұмсау белгіленсін, мұның өзі 1953 жылғыдан 8,8 процент артады деген сөз.

Өлеуметтік-мәдени шаралардың жеке түрлеріне жұмсалатын қаржы мынадай мөлшерде белгіленсін:

а) оқу және мәдениет жөнінде — жалпыға бірдей білім беретін бастауыш, жеті-жылдық және орта мектептерге, техникумдар мен басқа арнаулы орта оқу орындарына; жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелеріне; фабрикалық-заводтық оқыту мектептеріне; ауыл шаруашылығы үшін мамандар даярлау жөніндегі курстар мен жанпай мамандық беретін мектептерге; жұмысшылардың, колхозшылардың және инженер-техник қызметкерлерінің мамандығын арттыру жөніндегі курстар мен басқа шараларға; кітапханаларға, мәдениет сарайлары мен үйлеріне, клубтарға, театрларға, баспасөзге және оқу мен мәдениет жөніндегі басқа шараларға жалпы сомасы 1.748.481 мың сом қаржы белгіленсін, мұның өзі 1953 жылғыдан 7,4 процент артады деген сөз;

б) денсаулық сақтау және физкультура жөнінде — ауруханаларға, диспансерлерге, әйелдер босанатын үйлерге, балалар яслилеріне, санаторийлерге және халыққа медициналық көмек көрсететін басқа мекемелерге; спорт және физкультура шараларына — жалпы сомасы 796.172 мың сом қаржы белгіленсін, мұның өзі 1953 жылғыдан 11,5 процент артады деген сөз;

в) өлеуметтік қамтамасыздандыру және өлеуметтік қамсыздандыру жөнінде — еңбек мүгедектері мен олардың семьяларына (пенсия және жәрдем төлеуге; мүгедектер үйлерін ұстауға және басқа пенсия төлеуге — жалпы сомасы 258.128 мың сом қаржы белгіленсін, мұның өзі 1953 жылғыдан 10,5 процент артады деген сөз.

4-статья. Қазақ ССР-інің 1954 жылға арналған республикалық бюджеті кірістері жағынан 2.782.439 мың сом және шығыстары жағынан 2.776.873 мың сом мөлшерінде, кірістері шығыстарынан 5.566 мың сом артық болып, оның үстіне, 1955 жылғы 1 январьға ауысатын бюджет қаржысының қалдықтары 43.223 мың сом мөлшерінде бекітілсін.

5-статья. Облыстар мен Алматы қаласының 1954 жылға арналған бюджеттері кірістері мен шығыстары жағынан мынадай мөлшерде бекітілсін:

	(мың сом есебімен)
Алматы облысы	127.769
Ақмола облысы	137.433
Ақтөбе облысы	127.621

Шығыс Қазақстан облысы	208.915
Гурьев облысы	113.329
Жамбыл облысы	136.845
Батыс Қазақстан облысы	132.471
Қарағанды облысы	262.042
Қызылорда облысы	100.628
Көкшетау облысы	118.212
Қостанай облысы	144.972
Павлодар облысы	123.785
Солтүстік Қазақстан облысы	127.644
Семей облысы	151.460
Талдықорған облысы	140.563
Оңтүстік Қазақстан облысы	255.586
Алматы қаласы	159.270

Жергілікті бюджеттер бойынша барлығы 2.568.445

6-статья. Облыстар мен Алматы қаласының жергілікті бюджеттері бойынша 1955 жылғы 1 январьға ауысатын бюджет қаржысының қалдықтары 116.177 мың сом мөлшерінде белгіленсін, соның ішінде: Алматы облысында — 6.388 мың сом, Ақмола облысында — 6.184 мың сом, Ақтөбе облысында — 5.736 мың сом, Шығыс Қазақстан облысында — 8.357 мың сом, Гурьев облысында — 5.091 мың сом, Жамбыл облысында — 6.832 мың сом, Батыс Қазақстан облысында — 6.619 мың сом, Қарағанды облысында — 10.474 мың сом, Қызылорда облысында — 4.999 мың сом, Көкшетау облысында — 5.908 мың сом, Қостанай облысында — 7.244 мың сом, Павлодар облысында — 6.184 мың сом, Солтүстік Қазақстан облысында — 6.377 мың сом, Семей облысында — 6.816 мың сом, Талдықорған облысында — 7.023 мың сом, Оңтүстік Қазақстан облысында — 12.760 мың сом, Алматы қаласында — 3.185 мың сом мөлшерінде белгіленсін.

7-статья. Қазақ ССР облыстары мен Алматы қаласының бюджеттеріне мемлекеттік салықтар мен табыстардан бөлінетін үлес 1954 жылға мынадай мөлшерде бекітілсін:

а) айналымнан алынатын салық жөніндегі түсімдерден:	
Алматы облысына	58,6 процент;
Ақмола облысына	22,6 процент;
Ақтөбе облысына	19,0 процент;
Шығыс Қазақстан облысына	12,0 процент;
Гурьев облысына	39,2 процент;
Жамбыл облысына	26,1 процент;
Батыс Қазақстан облысына	28,2 процент;
Қарағанды облысына	7,1 процент;
Қызылорда облысына	36,5 процент;
Көкшетау облысына	55,8 процент;
Қостанай облысына	32,5 процент;
Павлодар облысына	41,5 процент;
Солтүстік Қазақстан облысына	16,7 процент;
Семей облысына	11,3 процент;
Талдықорған облысына	43,0 процент;
Оңтүстік Қазақстан облысына	17,5 процент;

Алматы қаласына 4,6 процент;

б) колхоздардан алынатын табыс салығы жөніндегі түсімдерден барлық облыстарға 30 процент;

в) колхозшылар мен жеке шаруалар шаруашылықтарынан алынатын ауылшаруашылық салығының түсімдерінен барлық облыстарға 40 процент;

г) машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардың табыстарынан: Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей және Талдықорған облыстарына 15 процент;

Оңтүстік Қазақстан облысына 10 процент;

д) халықтан алынатын табыс салығы жөніндегі түсімдерден: Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Гурьев, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 25 процент;

Шығыс Қазақстан (және Қарағанды облыстарына) 15 процент;

Алматы қаласына 10 процент;

е) жеке шаруалар шаруашылықтарының жылқысынан алынатын салықтың түсімдерінен барлық облыстарға 75 процент;

г) халықтың арасында жазылу жолымен таратылған мемлекеттік заем сомасынан: Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 40 процент;

Алматы қаласына 10 процент;

з) ССРО-ның бойдақ, жеке басты, семьясы аз азаматтарынан алынатын салықтың түсімдерінен: Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 30 процент;

Қарағанды облысына 25 процент;

Алматы қаласына 10 процент;

и) орман табысынан барлық облыстарға 40 процент;

8-статья. Қазақ ССР-інің 1953 жылғы Мемлекеттік бюджетінің кірістері жағынан 4.398.203 мың сом және шығыстары жағынан 4.349.189 мың сом болып, кірістері шығыстарынан 49.014 мың сом артық орындалғаны туралы есеп және, оның үстіне, 1954 жылғы 1 январьға ауысқан бюджет қаржысының қалдықтары 130.156 мың сом мөлшерінде бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 16 июнь, 1954 ж.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту туралы және Қазақ ССР Конституциясының (Негізгі Заңының) 45, 52, 53, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75 және 76 статьяларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

З А Н

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мына указдары бекітілсін:

1954 жылғы 14 апрельдегі «Қазақ ССР одақтық-республикалық Туы» метал-

Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігі;

Оқу министрлігі;

Өлеуметтік қамсыздандыру министрлігі.

4. 69-статьяның екинші бағыны...

денсаулық сақтау бөлімі;

мәдениет бөлімі;

халық ағарту бөлімі;

...

құрылуы туралы»;

1954 жылғы 18 майдағы «Қазақ ССР Балық өнеркәсіп министрлігін құру туралы»;

1954 жылғы 18 майдағы «Қазақ ССР Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігін құру туралы»;

1954 жылғы 18 майдағы «Қазақ ССР Су шаруашылығы министрлігін құру туралы»;

1954 жылғы 8 июндегі «Қазақ ССР Министрлер Советі жанында Мемлекеттік хауіпсіздік Комитетін құру туралы».

II.

Осы Заңның I бөліміне сәйкес және Қазақ ССР-інің мемлекеттік басқару органдары системасында жасалған өзгерістерге байланысты Қазақ ССР Конституциясының 45, 52, 53, 69, 70, 72, 73, және 75 статьяларына өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін, сол сияқты 71, 74 және 76 статьяларында қажетті нақтылау жасалсын;

1. **45-статьядан** «Искусство істері жөніндегі басқарманың бастығы», «Мәдени-ағарту мекемелерінің істері жөніндегі Комитеттің Председателі» деген сөздер алынып, «Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік хауіпсіздік Комитетінің Председателі» деген сөздер қосылып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**45-статья.** Қазақ ССР Министрлер Советін Қазақ ССР Жоғарғы Советі құрады; мұның құрамында:

Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі;

Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасарлары;

Қазақ ССР Министрлері;

Қазақ ССР Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының Председателі;

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік хауіпсіздік Комитетінің Председателі».

2. **52-статьядағы** «Соғыс», «Кинематография» деген сөздердің орнына сәйкестеліп «Қорғаныс», «Мәдениет» деген сөздер жазылсын; «Мемлекеттік хауіпсіздік», «Ағаш өнеркәсіп», «Орман шаруашылығы», «Жеңіл өнеркәсіп», «Ет және сүт өнеркәсіп», «Тамақ өнеркәсіп», «Мақта шаруашылығы» деген сөздер алынып; «Автомобиль транспорты және тас жолдар», «Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп», «Азық-түлік товарлары өнеркәсіп», «Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп», «Түсті металлургия» деген сөздер қосылып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**52-статья.** Қазақ ССР-інің одақтық-республикалық Министрліктері болып саналатын Қазақ ССР Министрліктері:

Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігі;

Ішкі істер министрлігі;

Мемлекеттік бақылау министрлігі;

Денсаулық сақтау министрлігі;

Сыртқы істер министрлігі;

Мәдениет министрлігі;

Қорғаныс министрлігі;

Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігі;

Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі;

Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі;

Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп министрлігі;

Балық өнеркәсіп министрлігі;

Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Совхоздар министрлігі;

Сауда министрлігі;

Финанс министрлігі;

Түсті металлургия министрлігі;

Юстиция министрлігі».

3. **53-статьядағы** «Жергілікті өнеркәсіп», «Жергілікті отын өнеркәсіп» деген сөздердің орнына «Жергілікті және отын өнеркәсіп» деген сөздер жазылсын; «Автомобиль транспорты» деген сөздер алынып; «Тұрғын үй-азаматтық құрылыс» деген сөздер қосылып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**53-статья.** Республикалық Министрліктерге Қазақ ССР-інің мына Министрліктері жатады:

Су шаруашылығы министрлігі;

Тұрғын үй-азаматтық құрылыс министрлігі;

Коммуналдық шаруашылық министрлігі;

шына сәйкестендіріліп «мәдениет», «жергілікті және отын өнеркәсіп» деген сөздер жазылсын; «жол», «искусство істері», «мәдени-ағарту жұмыстарының», «жергілікті отын өнеркәсіп», «селолық және колхоз құрылысы», «автомобиль транспорты», «мақта шаруашылығы», «жеңіл өнеркәсіп», «ағаш өнеркәсіп», «ет және сүт өнеркәсіп», «тамақ өнеркәсіп», «және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы су шаруашылығының Бас Басқармасы» деген сөздер алынып; «Автомобиль транспорты және тас жолдар», «ет және сүт өнімдері», «өнеркәсіп», «азық-түлік товарлары өнеркәсіп», «көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп» деген сөздер қосылып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**69-статья.** Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советтері атқару комитеттерінің мынадай бөлімдері мен басқармаларын құрады:

бөлімдер —

денсаулық сақтау бөлімі;

коммуналдық шаруашылық бөлімі;

жергілікті және отын өнеркәсіп бөлімі;

халық ағарту бөлімі;

жалпы бөлім,

әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі;

сауда бөлімі;

финанс бөлімі;

басқармалар —

автомобиль транспорты және тас жолдар басқармасы;

мәдениет басқармасы;

ауылшаруашылығы басқармасы;

жоспарлау комиссиясы;

атқару комитетінің председателі жанында кадрлар секторы және, бұдан басқа, облыс шаруашылығының өзгешеліктеріне қарай, одақтық-республикалық Министрліктердің: ет және сүт өнімдері өнеркәсіп, азық-түлік товарлары өнеркәсіп, құрылыс материалдары өнеркәсіп, көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп; балық өнеркәсіп министрліктерінің, республикалық су шаруашылығы министрлігінің бекітуімен, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советтері, мынадай бөлімдер немесе басқармалар құрады:

Су шаруашылығы бөлімі;

ет және сүт өнімдері өнеркәсіп бөлімі;

азық-түлік товарлары өнеркәсіп бөлімі;

құрылыс материалдары өнеркәсіп бөлімі;

көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп бөлімі;

балық өнеркәсіп бөлімі».

5. **70-статьядан** «Мемлекеттік хауіпсіздік министрлігі», «Орман шаруашылығы министрлігі және» деген сөздер алынып; «Ішкі істер министрлігі» деген сөздердің алдынан «Жалпыодақтық министрліктер» деген сөздер қосылсын; «Юстиция министрлігі» деген сөздерден кейін «және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік хауіпсіздік Комитеті» деген сөздер қосылып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**70-статья.** Облыстық жағдайларына қарай, ССРО мен Қазақ ССР-інің заңдарына сүйеніп, жалпыодақтық министрліктер Ішкі істер министрлігі, Юстиция министрлігі және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік хауіпсіздік Комитеті еңбекшілер депутаттарының облыстық Советтерінің жанынан өздерінің басқармаларын құрады».

6. **71-статьядағы** «Бөлімдер мен басқармалар» деген сөздерден кейін «атқару комитеттерінің» деген сөздер қосылып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**71-статья.** Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советтері атқару комитеттерінің бөлімдері мен басқармалары өздерінің ісінде еңбекшілер депутаттарының тиісті облыстық Советі мен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР-інің тиісті Министрлігіне де бағынады».

7. **72-статьядағы** «кинофикация», «жергілікті өнеркәсіп» деген сөздердің орнына сәйкестендіріліп «мәдениет», «жергілікті және отын өнеркәсіп» деген сөздер жазылсын; «жол», «селолық және колхоз құрылысы», «ауыл шаруашылығы», «мақта шаруашылығы», «мәдени-ағарту жұмысы» деген сөздер алынып; «жол шаруашылығының» деген сөздер қосылып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**72-статья.** Еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтері атқару комитеттерінің мынадай бөлімдерін құрады:

жол бөлімі;

әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі;

сауда бөлімі;

финанс бөлімі;

жоспарлау комиссиясы;

атқару комитеті председателінің жанында кадрлар секторы және, бұдан басқа, аудан шаруашылығының өзгешеліктеріне қарай, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің бекітуімен, еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтері мынадай бөлімдер құрады:

су шаруашылығы бөлімі;

коммуналдық шаруашылық бөлімі;

жергілікті және отын өнеркәсіп бөлімі;

8. **73-статьядағы** «Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік хауіпсіздік министрлігі құрады» деген сөздердің орнына «Ішкі істер министрлігі құрады» деген сөздер жазылып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**73-статья.** Ауданның жағдайларына қарай, ССРО мен Қазақ ССР-інің заңдарына сүйеніп, еңбекшілер депутаттарының тиісті облыстық Советінің бекітуімен, Ішкі істер министрлігі еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтерінің жанынан өздерінің бөлімдерін құрады».

9. **74-статьядағы** «бөлімдер», «бөлімге» деген сөздерден кейін сәйкестендіріліп «атқару комитеттерінің», «атқару комитетінің» деген сөздер қосылып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**74-статья.** Еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтерінің бөлімдері өздерінің ісінде еңбекшілер депутаттарының Советі мен оның атқару комитетіне де еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің тиісті атқару комитетіне де бағынады».

10. **75-статьядағы** «мәдени-ағарту жұмысының», «жергілікті өнеркәсіптің» деген сөздердің орнына сәйкестендіріліп «мәдениет», «жергілікті және отын өнеркәсіп» деген сөздер жазылсын; «еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық Советінің атқару комитеті жанында автомобиль транспорты басқармасы құрылады» деген сөздер алынып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**75-статья.** Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советтері атқару комитеттерінің мынадай бөлімдерін құрады:

денсаулық сақтау бөлімі;

коммуналдық шаруашылық бөлімі;

мәдениет бөлімі;

халық ағарту бөлімі;

жалпы бөлім,

әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі;

сауда бөлімі;

финанс бөлімі;

жоспарлау комиссиясы;

атқару комитетінің председателі жанында кадрлар секторы және, бұдан басқа, қаланың өнеркәсібінің, оның қалалық және қала маңындағы шаруашылығының өзгешеліктеріне қарай:

жергілікті және отын өнеркәсіп бөлімі; ауыл шаруашылығы бөлімі».

11. **76-статьядағы** «бөлімдер», «бөлімге» деген сөздерден кейін сәйкестендіріліп «атқару комитеттердің», «атқару комитетінің» деген сөздер қосылсын; «еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық Советінің бөлімдері өздерінің ісінде еңбекшілер депутаттарының Алматы Советіне бағынады» деген сөздердің орнына «еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық Советінің бөлімдері өздерінің ісінде еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық Советіне бағынады» деп жазылып, бұл статья былай деп баяндалсын:

«**76-статья.** Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советтерінің атқару комитеттерінің бөлімдері өздерінің ісінде еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі мен атқару комитетіне де, еңбекшілер депутаттарының аудандық Советінің тиісті бөліміне де бағынады, немесе, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің атқару комитетінің тиісті бөліміне тікелей де бағынады».

Еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық Советінің бөлімдері өздерінің ісінде еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық Советі мен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР-інің тиісті Министрлігіне тікелей де бағынады».

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ОҢДАСЫНОВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы, 16 июнь 1954 ж.

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ УКАЗДАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының:

Александр Иванович **Самохваловты** Қазақ ССР Түсті металлургия министрі етіп;

Григорий Андреевич **Мельникті** Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрі етіп;

Александр Деметьевич **Гарагашты** Қазақ ССР Ет және сүт өнімдерінің өнеркәсіп министрі етіп;

Сибгатулла Рысқалиұлы **Қарынбасовты** Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрі етіп тағайындау туралы Указдары бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ОҢДАСЫНОВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы, 16 июнь 1954 ж.

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ М. БЕЙСЕБАЕВ ЖОЛДАСТЫ ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ПРЕДСДАТЕЛІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЕТІП ТАҒАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ УКАЗЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының (1954 жылғы 27 апрельдегі Мисымхан **Бейсебаев** жолдасты Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары етіп тағайындау туралы Указы бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ОҢДАСЫНОВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы,

16 июнь 1954 ж.

ДЕПУТАТ Х. М. ПАЗИКОВТЫ ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ МҮШЕСІ ҚЫЗМЕТІНЕН БОСАТУ ТУРАЛЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Депутат **Хабир Мұхарамұлы Пазиков** Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі қызметінен босатылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ОҢДАСЫНОВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы,

16 июнь 1954 ж.

Депутат Т. И. Абабковты Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі қызметінен босату туралы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді: Депутат Тихон Иванович Абабков Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі қызметінен босатылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.
Алматы қаласы, 16 июнь 1954 ж.

Депутат П. К. Пономаренконы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі етіп сайлау туралы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді: Депутат Пантелеймон Кондратьевич Пономаренко Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болып сайлансын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.
Алматы қаласы, 16 июнь 1954 ж.

Депутат Л. И. Брежневті Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі етіп сайлау туралы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді: Депутат Леонид Ильич Брежнев Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болып сайлансын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.
Алматы қаласы, 16 июнь 1954 ж.

Депутат И. Ш. Шариповты Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі етіп сайлау туралы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді: Депутат Исағали Шарипұлы Шарипов Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болып сайлансын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.
Алматы қаласы, 16 июнь 1954 ж.

Қой өсірудің озаты

Василий Михайлович Рыбалкин облысымыздың озат шопандарының бірінен саналады. Ол 8 жылдан бері Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозында аға шопан болып істеп, жыл сайын қой өсіруде айтарлықтай табыстарға жетісіп келеді.

Рыбалкин жолдас өзінің адал еңбегімен колхозшылардың зор құрметіне бөленген. Ол шопан болып істеген алғашқы жылы колхоздың қой фермасында небары 238 қой бар еді. Кәзір қой саны 7,4 есе артып отыр. Өткен жылы озат шопан әрбір 100 саулықтан 154 қозы алып, оларды шығынсыз өсірді. Соның нәтижесінде колхоз қой өсіру жоспарын артығымен орындады.

Шопанның мұндай зор табысқа ие болуы — еңбекті сүйіп істеуінің, қой бағуда, күтуде және төл алуда зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерді мұқият қолдана білуінің, өз жұмысының табысты болуына ұқыптылықпен қарауының нәтижесі.

Рыбалкин жолдас қойлардың қондылығына, жасына қарай төлдіктің норма белгілеп, концентрат және көншеп беріп отырады.

Қыстың күндері аса көңіл бөлетін мәселенің бірі — ішті қойларды күту. Өйткені, төл алу маусымының үлгілі өткізілуі саулықтардың қонды болуына тікелей байланысты. Тәжірибелі шопан төл алу жұмысына 2 ай жергілі қалғанда саулықтарды арнаулы бөлек қораға бөліп, ерекше күтімге алады. Ал, саулықтардың қоздауына 10 күн қалғанда және төлдегеннен кейін біраз уақыт оларға көк шөппен бірге норма бойынша қосымша концентрат беруді ұйымдастырады. Мұның өзі саулықтардың сүтті болуына, жаңа туған қозының енесін тойына емуіне, сойтып, тез жетілуіне мүмкіндік туғызады.

Мал — төлден өседі. Мұны түсіне білген Рыбалкин жолдас, төлдің барлық саулықтардан алынуына және алынған төлдердің шығынсыз өсірілуіне жетісу

Жемшөп дайындау ұйымшылдықпен жүргізілсін


Облыс колхоздарында, совхоздары мен МТС-терінде ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

(20 июньдегі мәлімет бойынша)
Жоспардың орындалу проценті

Аудан, МТС, совхоз аттары	Пар жырту	тың және тыңайған жер жырту	Комбайн жөндеу	Шөп шабу
Чистян	74,2	37,6	14,2	0,4
Суворов	81,1	59,8	41,1	—
Монохов	77,5	48,0	29,0	—
Булаев	58,4	59,6	26,9	6,5
Балинин	51,6	51,7	24,3	5,3
Булаев	55,4	56,3	25,8	6,1
Образцовый	36,5	26,4	26,4	11,7
Куйбышев	40,7	37,8	30,4	7,9
Ильич	38,0	17,1	7,6	3,0
Пушкин	38,5	32,0	37,2	11,7
Ленин	38,8	31,8	26,7	8,2
Интернационал	54,3	25,1	41,6	1,2
Чапаев	49,0	41,8	31,0	3,0
Вильямс	62,3	33,0	42,6	0,2
Мамлют	54,7	36,6	38,3	1,6
Моновалсв	34,6	33,4	—	5,7
Торангүл	35,5	36,3	35,0	6,6
Ворошилов	37,9	40,4	22,2	7,8
Семиполка	34,1	40,3	13,1	5,1
Октябрь	35,4	36,2	16,0	6,2
Петропавл	46,0	24,9	18,4	0,8
Асанов	60,7	50,0	17,2	0,4
Петропавл	50,6	30,9	17,9	0,6
Полудень	49,9	57,0	43,4	0,7
Ново-Георгиев	42,8	37,3	22,9	—
Полудень	47,6	48,6	35,0	0,4
Преснов	53,1	50,0	16,9	7,3
Баян	29,7	28,8	19,6	4,3
Майбадық	19,1	14,2	6,5	4,8
Николаев	40,0	49,5	33,3	5,3
Преснов	34,7	33,3	16,7	5,4
Приешім	43,0	38,1	10,5	0,9
Ленин	58,2	74,6	18,4	3,7
Тимирязев	68,7	70,0	8,3	5,1
Приешім	52,1	55,4	13,1	2,7
Соколов	78,1	47,8	31,3	0,5
Налобин	83,3	85,7	35,8	0,8
Соколов	80,4	65,1	33,3	0,6
Совет	59,8	49,0	21,2	4,6
Сартомар	48,0	36,1	—	5,5
Шағлы	57,2	36,5	24,0	2,8
Совет	57,2	41,8	17,4	4,0

БҰРЫННАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН СОВХОЗДАР

Тоқшын	146,8	—	128,5	—
Киров	130,9	—	—	—
Петропавл	118,0	46,6	—	—
Совет	103,1	74,7	—	2,2
Қыялы	100,0	95,9	16,6	—
Шағлы	100,0	100,0	—	—
Қарағанды	100,0	—	25,0	—
Мамлют	100,0	—	133,3	—
Чистов	95,9	20,2	19,7	—
Возвышен	83,4	72,7	26,0	37,0
Ұзынкөл	59,1	50,1	33,0	17,1
Явленка	58,5	38,4	17,4	7,6
Торангүл	46,3	42,8	46,1	22,5
Кызылжар	48,8	46,2	15,0	11,6
Кызылжар	—	—	—	5,3



Жаңадан ұйымдастырылған Тимирязев астық совхозына трактор тырнауыштары мен шөп жыйнайтын машиналар келді.
СУРЕТТЕ: (сол жақта) совхоз инженері донбастық И. Пузаков және жұмысшы И. Пустовой жаңадан алынған өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасымен шөп шабуға шығып бара жатқан кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Шөп шаппай отыр

Қоғамдық мал санын онан әрі көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жай және құнарлы жемшөптің берік базасын жаңсауға тығыз байланысты. Мұны түсіне білген облысымыздың бірқатар колхоздары мен МТС және совхоздары бұл науқанда тыңғылықты әзірленіп, пішен дайындауды қызу жүргізуде.

Алайда, кейбір МТС-тердің басшылары пішен шабуға нашар дайындалып, күні бүгінге дейін бұл жұмысқа кіріспей отыр. Мұның өзі ондай басшылардың қоғамдық малға деген жемшөптің берік базасын жаңсау, сонымен бірге олардан алынатын өнімді арттыру мәселесіне назар аудармай, жауапсыздыққа салынып отырғанын көрсетеді.

Мәселен, Чистян МТС-ін алайық. Өткен жылы бұл МТС-те мал азығын дайындау жоспары орындалмады. Осының салдарынан МТС қамтуындағы бірқатар колхоздарда жемшөп жеткіліксіз болып, мал қыстатуда зор қиыншылыққа әкеліп соқты. Мал шығыны болып, өнімділігі кеміді. Орын алған бұл кемшіліктерден МТС басшылары тиісті қорытынды шығарып, үстіміздегі жылы пішен шабуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, мал азығының берік базасын жаңсауға көңіл бөлуге тиіс еді. Бірақ та, жағдай олай болмай отыр.

МТС-те осы айдың бірінші жартысында өздігінен жүретін 7 шөп машиналарының екеуі, 78 тракторға тіркелетін кең алымды машиналардың 45-і ғана жөн-

алу себебі — МТС басшыларының пішен шабуға жайбарақаттыққа салынып, жөндеу жұмысына уақытты көңіл бөлмегендіктен болып саналады. Мұнда шөп машиналарын жөндеудегі жұмысшылардың еңбек өнімділігі өте төмен. Олардың арасында өзара социалистік жарыс формальді түрде жүргізіліп келеді. Бұл жағдай МТС партия ұйымының секретары Петришев жолдасқа мәлім. Бірақ, ол жөндеушілер арасындағы өзара социалистік жарысты өрістету, үгіт-бұқаралық жұмысын үлгілі жүргізу мәселесімен шұғылдануды ескермей-ақ жүр.

Пішен шабуға әзірлік жұмысы МТС қамтуындағы бірқатар колхоздарда да нашар болып келеді. Мысалға «Жаңа тұрмыс», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарын алуға болады. Аталған колхоздарда шөп машиналарының, тырнауыштарының және басқа құрал-саймандарының жөндеу жұмысы қанағаттанғысыз. Бұл колхоздарда шөп сырғыштар жеткіліксіз болып отыр. Ол-олма, тіпті колхоз басшылары шөп шабудың жоспарын да әлі күнге дейін жасаған жоқ. Мұның барлығы бұл колхоздардың басшыларының күні бүгінге дейін шөптің бәрі МТС күшімен шабылады деген зиянды пікірге түсіп отырғандығын көрсетеді.

Кәзір мал шаруашылығын колхоз өндірісіндегі мол табысты шаруашылыққа айналдыру міндеті алға қойылып отыр. Бұл міндеттің мүлтіксіз жүзеге

ры СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысымен жігерлене отырып, үстіміздегі жылы да қой өсіруде айтарлықтай табыстарға ие болды. Олар қой санын жоспар бойынша 1500 бастық орнына, кәзірдің өзінде 1800-ге жеткізіуіне жетісті. Мұның өзі жыл аяғында қолхоздың қой фермасынан 150 мың сомға жуық табыс алуына мүмкіндік туғызады.

Рыбалкин жолдас қой санын көбейтумен бірге қойлардың тұқымын асылдандыруда да елеулі табысқа ие болды. Ол шопан болып істей бастағанда фермадағы биязі жүнді қойлар 100-ден аз-ақ астам болатын. Кәзір бұлардың саны 8 еседей арттырылды.

Тәжірибелі шопан осындай табыстарға қалай жетісті? Бұл сұрауға жауап беру үшін оның қой бағудағы іс тәжірибесіне тоқтау керек.

Рыбалкин жолдас қойларды жазғы және күзгі бағудына көп назар аударады. Ол қысқы маусым аяқталысымен қойлардың жазды күндері қандай жайылымдарда бағылатынын белгілейді. Сөйтіп, жайылымдарды дұрыс пайдаланады.

Озат шопан кәзірдің өзінде де қойларды жазғы жайылымдарда бағуды дұрыс ұйымдастырып отыр. Бұл науқанға Рыбалкин жолдас ертеден дайындалған болатын. Ең алдымен қойларды бағатын жайылымды 4—5 участкаға бөліп, оларды кезекпен негізінде суы мол көлдердің маңында. Жайылымға деген жерлерді участкагерге бөлумен бірге, қойларды да жазғы жайылымда бағу үшін жасы мен қондылығына қарай бөлек-бөлек отарларға бөлуді ұйымдастырды. Осының барлығы қойларды жазғы жайылымда дұрыс бағып, олардың қондылығын арттыруға көп мүмкіндік туғызады.

Күздің күндері көбінесе қойларды егін орылған участкагерде бағуды жыл сайын ұйымдастырып отырады. Сөйтіп, қысқы маусымға дейін қойлардың қонды болуына жетіседі.

Қоғамдық қой шаруашылығын онан сайын өркендетудегі ең шешуші әрі жауапты кезең—қысқы маусым болып есептеледі. Сондықтан да Рыбалкин жолдас және басқа шопандар қойларды қыстың алғашқы күндерінен бастап, жақсы күтімге алады. Қыс маусымы басталғанға дейін мал азығының мол дайындалуына, қоралардың жеткілікті болуына жете көңіл бөледі.

Ол қойларды жасы мен қондылығына қарай отарларға бөліп, оларды бөлек күтімге алады. Қойлар мезгілінде азықтандырылып, уақытылы жайылып отырады. Қыстың күндері қойлардың қонды төмендемеуі оларды құнарлы азықпен азықтандыруға тікелей байланысты. Сондықтан

Жүн мол қырқылуда

Булаев ауданының 6 қолхозы жүн қырқу жұмысын толық аяқтады. Әрбір қойдан орта есеппен үш килограмнан жүн алынды. Жүн қырқу «Вторая Пятилетка»

ру науқанын ойдағыдай өткізуге көп назар аударады. Қошқарларды қой шағылыстыру маусымына екі айдай уақыт қалғанда ерекше күтімге алады. Оларды үнемі күніне үш рет серуенге шығарып, жайып отырады. Қалған уақытта бөлек қорада күтіп, құнарлы шөп және концентратпен азықтандырады.

Мұнымен бірге Василий Михайлович қой шағылыстыру маусымына саулықтарды да әзірлеуге айырықша назар аударады. Ол саулықтардың бұл маусымға дейін қонды болуын қамтамасыз етіп, әрбір саулықтың ішті болуына жетіседі.

Бұрын қошқарлар саулықтармен бірге бағылатын. Мұның өзі төл алу маусымының мезгілсіз және жоспарсыз өтуіне, сондай-ақ жекелеген саулықтардың қысыр қалуына жол берілетін. Бұл орын алған кемшіліктерді жою үшін шопан мал шаруашылығы мамандарының көмегімен саулықтарды қолдан ұрықтандыру әдісін кеңінен қолданып жүр. Мұның өзі игі нәтиже беруде. Рыбалкин жолдас зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерді дұрыс қолдану арқылы төл алу маусымын жоспарлы түрде өткізуге, әрбір саулықтың ішті болуына жетісіп келеді.

Қой шағылыстыру науқанын ұйымшылдықпен өткізу істің бастамасы ғана болып табылады. Озат шопан төл алу маусымына барлық жағынан үлгілі әзірленеді. Күзгі уақытта ол қолхоз басқармасынан жеткілікті мөлшерде төл үйлерінің дайындалуын талап етеді. Өткен жылы 600 бастық қой қорасы салынған болса, быйыл бірнеше жүз бастық стандартты төл үйі салына бастады.

Әрбір 100 саулықтан бірнеше жылдардан бері 130—154 қозыдан алынғын келеді. Бұл фермадағы саулықтардың жартысына жуығы егіз қозы табатынын көрсетеді. Кейбір егіз қозылардың енесі төлдерін сүтпен жарытпайтын болғандықтан Рыбалкин жолдас ол қозыларға сүті мол саулықтарды емізуді ұйымдастырады. Ал, есейген қозыларға көк шөп және концентрат беріп отырады.

Рыбалкин жолдас төл алу маусымын февраль-март айларында өткізеді. Мұның өзі қозылардың суысқа төзімді болып, келесі қысқы маусымға дейін марқайып өсуіне және қонды болуына мүмкіндік туғызады.

Василий Михайлович және басқа қой өсірушілер СОКП Орталық Комитеті февраль-март Пленумының елімізде астық шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі қаулысын зор қуанышпен қарсы ала отырып, оны жүзеге асыру мақсатымен қолхозда тек қана биязі жүнді қойларды өсіру, олардан алынатын өнімді молайту жолында күресуде.

К. МҮСІРЕПОВ.

қолхозында қызу қарқынмен жүргізілі. Фермадағы 1100 қой түгел қырқылды. Қолхоз мемлекетке 20 центнерге жақын жоғары сапалы жүн тапсырды.

Буденный	39,5	36,3	34,7	14,3
Прешімі	37,8	57,5	43,7	5,1
Преснов	53,4	14,0	5,0	4,7
Октябрь	18,3	72,7	26,0	37,0
ЖАҢАДАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН СОВХОЗДАР				
Булаев	64,5	37,9	—	—
Жданов	55,9	33,3	—	—
Маленков	52,9	31,9	—	—
Интернационал	46,6	28,7	—	—
Дзержинский	44,2	27,1	—	—
Ешім	41,3	26,1	—	—
Хрушев	33,9	21,6	—	—
Жамбыл	31,1	19,0	—	—
Тимирязев	28,3	19,2	—	—
Украин	27,6	18,1	—	—
Москворецк	24,1	16,6	—	—
Докучаев	21,0	14,7	—	—

Егін оруға әзірлік

Полудень ауданының қолхоздары егін оруға қызу әзірленуде. Олар, әсіресе, қырмандар жасауға ерекше көңіл бөлуде. Бірқатар қолхоздар қуатты астық тазалағыш машиналар сатып алуда.

Мәселен, қолхозшы Жуков ойлап шығарған вейламен смена сайын

750 центнер астық тазалауға болады. «Қазақстанның 30 жылдығы», Буденный атындағы, «Путь коммунизма», «Прогресс» және басқа қолхоздар да мұндай қуатты астық тазалағыш машиналарын жасап алды.

С. ӘЛІМОВ.

Қажырлы еңбек, игілі нәтиже

«Еңбек» қолхозының (Ленин ауданы) солтүстік-шығыс беткейіндегі «Қойсары» даласы бұл күндері бейне бір еңбек майданының қызу орталығына айналған. Ұшы қыйырына көз жетпес алысқа көсіліп жатқан қау шөпті, құнарлы бетегелі бұл алқапта бұдан сәл уақыт бұрын басталған еңбек дабылы барған сайын қызу түсуде.

Келесі жылы ел ырысы—алтын астық егілуге тиісті бұл участкақтың бйылығы бетегелі шөпін қоғамдық мал үшін сыйнап алуға артель мүшелері ерте бастап кірісті. Кәзір мұнда механизатор Иван Дубенцовтың өздігінен жүретін кең алымды шөп машинасы жұмыс істейді. 37-40 гектар жердің шөпін шабу—міне, оның кәзіргі күнделік көрсеткіштері.

—Бабын таба білсең машинаның жұмыс өнімділігі арта түспек,—дейді озат механизатор. —Менің күнделік тапсырманы үнемі асыра орындауымның шын сыры осында.

—Дубенцов жемшөп дайындау маусымы басталғаннан бері 240 гектар жердің шөпін шауып, бұл алаңды дерезінде келесі жылдың егістігі үшін жыртуға босатуға мүмкіндік берді.

—Біздің кәзіргі шөп шауып жүрген жеріміз келесі жылдың егісі үшін жыртылуға тиісті участок,—дейді қолхоз председателі Қажымұрат Үмітбаев. —Бұл алаңның әр гектарынан 6 центнерден астам шөп жыйнаудамыз.

Иван Дубенцовтан шабылған шөпті тырнауышпен жыйнаушылар да қалысар емес. Ал, тырнауышшылар түгелінен Еңбек орта мектебінің оқушылары.

—Қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасау күресіне ағалысуды өзімің боры-

шым деп есептеп, мен оқу жылы аяқталған күннің ертеңінен-ақ қолхоз жұмысына араластым,—дейді тырнауышшы Мердиан Муратов.

Озат оқушы кәзір пішен даласында да қажырлылықпен еңбек етіп жүр. Күнделік тапсырманы асыра орындау және шабылған шөпті таза жыйнау Мердианның әдетіне айналған. Сондықтан да ол туралы:

—Мердиан өз ісімен өзгелерге үлгі болып жүр,—дейді дала бригадасының бригадирі Мәлік Сағдиев.

Мұратовпен жарысқа түскен екінші тырнауышшы Ережел Елеукин де өзінің қажырлы еңбегімен қатарына үлгі болып жүрген оқушылардың бірі. Ал, мұндай оқушылар бұл қолхоздың еңбек даласында оңдан саналады.

—Иван, біз сені өкшелеп келіп қалдық, бізді жұмыссыз қалдырып жүрме, ойткені шапқан жерің аз-ақ қалды,—дейді олар өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасының машиншісі Дубенцовқа қалжыңдап.

—Менің шапқан алаңымды тез жыйнай алмай шөптің құнарлығын кетіріп, қуратып алып жүрмендер,—деді Дубенцов қалжыңға қалжың мен жауап беріп.

Бұл қолхозда қоғамдық малға берік жемшөп қорын дайындау жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде. Шөпшабу, оны сыйнау және ую, сол сияқты, шөпті қысқы мал қораларының жанына тасып алу жұмыстарында алшақтыққа жол бермеу—пішеншілердің шөп шабу маусымы кезінде алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі болып отыр.

—Өткен жылы біз шөп шабу мен оны маялау жұмыстарында алшақтыққа жол

бет тарапынан өздігінен жүретін шөп машинасы берілген болса, олар күні бүгінге дейін жұмыс істеуге әзірленбеген.

Жөндеу жұмысының нашар болып отырған себебін МТС директоры Галай жолдас «Машиналарға қажетті бөлшектердің жеткіліксіздігінен» деп дәлелдейді. Бұл дұрыс емес. Негізгі кемшіліктің орын

қажырлы жасауды талап етеді. МТС-і мен оның қамтуындағы қолхоздардың басшылары мұны естен шығармай мал шаруашылығына қажетті жасауды шұғыл жақсартулары қажет. Жұмыстың қарқынды жүргізілуіне жетісетін болулары керек.

М. МИХАЙЛОВ.

Пішен дайындау ұйымшылдықпен жүргізілуде

Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозының мүшелері Сартмар МТС-нің осы қолхозда шөп шабатын механизаторларымен тығыз ұйымдаса отырып, пішен жыйнауды қызу жүргізіп келеді. Өздігінен жүретін шөп машинасының машинистері Н. Калиев, А. Сематов жолдасар шөп шабауда алғашқы күннен бастап күндік тапсырмаларын артық орындап жүр. Кәзір қолхоз пішеншілері 300 гектардан астам шабындықтың шөбін шапты.

Сол сияқты, «Красное поле» қолхозының пішеншілері де еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгісін көрсетуде.

Мұнда өткен екі бескүндікте 400 гектарға жуық жердің шөбі шабылды. Шабындықтар әрбір гектарынан орта есеппен 5—6 центнерден өнім беріп отыр.

Аталған қолхоздарда шабылған шөпті дереу жыйнап, шөмелелеу және маялау жұмыстары ойдағыдай жүргізіліп келеді. Қолхозшылар пішен дайындауға күш-мүмкіншіліктерді жұмылдыра отырып, бұл жөніндегі белгіленген жоспарды ең қолайлы мерзім ішінде орындап шығуды өздерінің алдына негізгі мақсат етіп қойып отыр.

С. ТЕМІРЖАНОВ.

бердік. Ал, бұл жағдай шабылған шөптің құнарлығын кемітетіні мәлім. Сондықтан да біз өткен жылдың бұл кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығарып, бйылыңғы жылы оны қайталамау шараларын белгілеп отырмыз,—дейді қолхоз председателі Үмітбаев жолдас.

Бұл қолхозда шабылған шөпті қысқы мал қорасының жанына тасып алу жұмыстары қызу жүргізілуде. Кәзірдің өзінде қолхоз пішеншілері мың центнерге жуық пішенді орталық мал қорасының жанына тасып алды.

...Ауылдың шығыс жақ шетіндегі қоғамдық мал қорасының жанында ұйытқан ұзын, биік маяның сыртық көрінісінің өзі қолхоз пішеншілерінің қажырлы еңбегінің айғағындай көрінеді. Ал, ол маяның жанындағы қызу еңбек қарқыны шөп шабу басталғалы күндіз-түні бір толастаған емес.

Бірінен сөз бірі толассыз түрде мал жанына келіп жатқан шөп артылған арбаларды әп-сәтте босатып, шөп маясының көлемі мен биіктігін барған сайын өсіріп жатқан маялаушылардың да қызу қыймылдары сүйсінерліктей. Әсіресе, 65 жастағы қарт қолхозшы Әбіле Рахметовтың еңбегін өз жолдасары зор мақтаныш сезіммен атап өтеді.

—Шөп шабу науқаны басталғаннан бері Әбіле қарт маялауға үзбестен қатысып келеді,—дейді ол туралы дала бригадасының бригадирі Мәлік Сағдиев.—Ол жасының ұлғайғандығына қарамастан қажырлы еңбегімен қатарына үлгі болып жүр.

Айырышлар Есләм Ақтаев пен Сейдахмет Құлғаевты да пішеншілер орынды мақтан етеді. Күнделік нормаларын асыра орындауды өздерінің әдетіне айналдырған олар бұл күндері еңбек өнімділігінің тамаша үлгілерін көрсетуде.

Маяшылардан қора жанына шөп тасу-

шылар да қалысар емес. Ал, бұлардың көпшілігі орт мектеп оқушылары. Оқушылар Қазез Қазиев, Талмен Сәденов және басқалары қысқы мал қорасының жанына шөп тасуда өздерінің күнделік нормаларын 1,5 еседен асыра орындап жүргендер.

Жуырда бұл қолхозға қоғамдық мал басын берік жемшөп қорымен қамтамасыз ету күресінде қолхозшыларға көмектесу үшін қаладағы «Бірінші май» кәсіпшілік артелинің 10 жұмысшысы келді. Оларды артель жұмысшысы Саложников жолдас басқарады. Олар да кәзір қысқы қора жанына жемшөп тасуда қажырлылықпен еңбек етіп жүр.

«Еңбек» ауылшаруашылық артель мүшелерінің шөп шабуға дер кезінде және жақсы әзірлікпен кірісуінің игілікті нәтижелері алғашқы күнінен бастап-ақ көрінді. Пішеншілер кәзірдің өзінде 300 гектарға жуық жердің пішенін шауып, 1000 центнерге жуық жемшөпті қысқы мал қорасының жанына тасып алды.

—Быйыл біздің қолхозда жоспар бойынша 2533 гектар табиғи шабындықтың пішені шабылады. Сол сияқты, 2350 тонна шөп дайындауға тиіспіз. Қолхозшылар бұл жұмысты 20 жұмыс күні ішінде аяқтауға міндеттеніп отыр. Біз шөп шабудың алғашқы күндерінен бастап-ақ бұл міндеттемені орындау үшін қолда бар күш-мүмкіншіліктерді толық пайдаланудамыз,—дейді қолхоз председателі Қажымұрат Үмітбаев.

Қолхозшылардың бұл міндеттемені өз-өзі орындайтындығына сенім мол. Оған олардың шөп шабудың алғашқы күндерінде-ақ зор табыстарға жетіп отырғаны, қажырлы еңбектері кеніп.

Т. КӘНІМОВ.
(Арнаулы тілшіміз).

Ауыл-селоларды көркейте берейік!

Новопавловтықтардың шақыруына жауап

Новопавловтықтардың елді пункттерді көркейту туралы облыс еңбекшілеріне арнаған үндеуі «Красная крепость» ауылшаруашылық артелинің (Кониюхов ауданы) колхозшылары арасында жаңа еңбек өрлеуін туғызды. Игілікті бастаманы қызу мақұлдаған колхозшылар жаңа құрылыс жұмыстары жоспарын белгіледі. Озат колхозшылардан құрылған екі құрылыс бригадасы (бригадирлері Машинский, Яровенко жолдастар) қазірдің өзінде едәуір жұмыстар жүргізді. Колхозда 200 бастық сыйыр және 500 бастық қой қораларын салу жұмысы қолға алынды. Бұл мал қораларының фундаменти мен шлакбетон стөббалары орнатылып, қабырғалары қалана бастады. Сондай-ақ, ескі мал қораларын жөндеу жұмысы да аяқталып келеді. Сөйтіп, колхоз малы қыста кең, әрі жылы, жарық қоралармен қамтамасыз етуді колхозшылар өздерінің алдында тұрған міндеттердің бірі деп біледі.

Колхозшылардың тұрғын үйлерін, мектепті жөндеу жұмыстары да қызу қолға алынды. Колхоз мәдениетін арттырып, еңбекшілердің тұрмыстарын жақсарту үшін колхоз басқармасы бірнеше шаралар белгілеп отыр.

Новопавловтықтардың үндеуін Кониюхов ауданындағы басқа колхоздар да талқылап, елді пункттерді көркейтуге арналған жөнеріңгі міндеттемелер алуға. Бұл уәделерін деркезінде орындап шығу үшін колхозшылар қазірден бастап құрылыс жұмыстарына қызу кірісті.

Ә. СӘЛМЕНОВ.

Игілікті бастаманы қызу қолдады

Петропавл ауданы, Новопавлов селодық Советінің депутаттары мен активтерінің 1954 жылы елді пункттерді көркейту туралы үндеуін облыстық ауыл село еңбекшілері қызу қостаумен қарсы алуға.

Бұл бастаманы қуаттаған Фурманов атындағы ауылшаруашылық артелинің колхозшылары колхозды ауылды көркейту үшін едәуір шаралар белгіледі. Олар бірнеше мал қораларын жөндеп, еңбекшілердің тұрғын үйлерін көркейтін, жақсартуды қызу қолға алып отыр. Колхозда стандартты бузау қорасы салынды. Таяуда 500 бастық қой қорасын салу жұмысы қолға алынбақ.

Колхозда бұрын арнаулы құрылыс бригадасы жұмыс істемей келгенді. Енді осы құрылыс бригадасын құру жұмысы белгіленіп отыр. Бригаданың құрамына таңдаулы колхозшылар — озат ағаш шеберлері кіреді.

Сондай-ақ, басқарма мәжілісінде үстемізіндегі жылы колхозшылар үшін бірнеше тұрғын үйлер салу жоспарланды. Фурманов атындағы ауылшаруашылық артели-



Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозы аудан орталығы Явленка селосының базарында сату үшін алғашқы 500 килограмм редиска жіберді. Үстіміздегі жылы колхоз редискадан мол кіріс табады. СУРЕТТЕ: колхоз председатели И. Черняев базарға жөнелтілетін редисканың сапасын тексеріп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Облыстық VII спартакиада аяқталды

Жеңіл атлетика бойынша облыс чемпионы атағын алу үшін «Искра», «Локомотив» және «Динамо» спорт қоғамдарының арасында болған жарыс спортшылардың белсене қатысуымен өтті. Спартакиаданың төртінші күнгі жарысы жеңіл атлеттер бастады. «Искра» спорт қоғамының спортшысы Шлегель балғаны 26 метрге лақтырып, бірінші орынға, Булаев ауданының спортшысы Володин екінші орынға ие болды.

Бұдан кейін 110 метрлік бөгеттерден жүгіру жарысы басталды. Облысымыздың чемпионы Евсеев 80 метрлік бөгетті жерден жүгіріп өтуде айтарлықтай нәтижеге ие болған Федянина спорттың бұл түрі бойынша өздерінің тамаша спорт шеберліктерін көрсетті. Евсеев облыс чемпионы атағын сақтап қалды.

«Локомотив» стадионында 3 мың метрден жауу жүгіру жарысы болды. Мұнда «Локомотив» спорт қоғамының спортшысы Осадчий бірінші орынды, Полудень, Соколов аудандарының спортшылары Бондаренко мен Быков екінші, үшінші орындарды жеңіп алды.

Төрт күнге созылған жеңіл атлетикашылар жарысының қорытындысында бірінші орынды «Искра» спорт қоғамының коллективі, екінші орынды «Динамо», ал үшінші орынды «Локомотив» спорт қоғамдарының коллективтері алды. Аудан спортшыларының ішінен бірінші орынға

Октябрь, екінші орынға Полудень, үшінші орынға Преснов ауданының спортшылары шықты.

Спартакиада ауыр атлетілердің жарысымен аяқталды. «Трудовые резервы» спорт қоғамының спортшысы Новиков, «Искра» спорт қоғамының спортшысы Гайсанов штанг көтеруден жаңа рекордтар жасады. Сол сыяқты штанг көтерушілер Тассев, Демичев, Семенов, Зайцев және Ходанов та облыс чемпионы атағына ие болды. Ал командалар бойынша бірінші орынды «Трудовые резервы», екінші орынды «Урожай» спорт қоғамдары жеңіп алды.

Облыстық спартакиаданың қорытындысында «Искра» спорт қоғамы спорттың барлық түрі бойынша жалпы командалық бірінші орынды жеңіп алды. Сөйтіп, оған облыстық физкультура және спорт комитетінің көшпелі кубогі берілді. Селодық командалардан бірінші орын Октябрь ауданының спортшыларына тиді. Оларға ауыспалы Қызыл Ту тапсырылды. Екінші орынға Преснов, үшінші орынға Булаев аудандарының спортшылары ие болды.

Жексенбі күні «Динамо» стадионында жарыста озып шыққан командалар мен жеңіс спортшыларға кубоктар мен дипломдар және бағалы сыйлықтар берілді.

А. ЯРХО.

Бірінші категориялы судья.

Емтихан тапсыру ойдағыдай өтуде

Бұл күндері Петропавл педагогикалық

Сонғы жылдардың өзінде халық ағарту

Иденнің Чжоу Энъ-лаймен кездесуі

ПЕКИН, 20 июнь. (СОТА). Сяньхуа агенттігі тілшісінің Женевадан берген хабарына қарағанда, кеше Англияның сыртқы істер министрі Антони Иден КХР сыртқы істер министрі Чжоу Энъ-лаймен кездесті. Бұл кездесу 45 минутқа созылған. Бұл кездесуге сонымен қатар КХР сыртқы істер министрінің орынбасары Чжан Вэнь-тянь, сондай-ақ ағылшын делегациясының мүшелері Гароль Антони Качия мен Х. Арвельян қатысқан.

ССРО мен Исландия арасындағы сауда қатынастары жайында

Ойдағыдай аяқталған совет-исландия сауда келіссөздерінің нәтижесінде осы жылғы 19 июньде Москвада ССРО мен Исландияның 1954 жылғы 1 июльден бастап 1957 жылғы 31 декабрыға дейінгі уақыттың ішінде өзара товарлар алысып берісуі туралы протоколға қол қойылды, бұл протокол екі елдің арасында товар айналымын оған әрі ұлғайтуды көздейді.

Протоколға сәйкес ССРО-дан Исландияға мұнай өнімдері, астық пен ұн, цемент, металлдан жасалған бұйымдар, кантрацит және басқа товарлар, ал Исландиядан ССРО-ға тұздалған және тоңазытылған балық беріліп тұрады.

Протоколға: Совет жағынан—сыртқы сауда министрі И.Г. Кабанов, Исландия жағынан—Исландияның ССРО-дағы төтенше кеші елшісі және полномочиелі министрі И. Торстейнссон қол қойды.

ЖЕНЕВА КЕҢЕСІНІҢ ТӨҢРЕГІНДЕ

ЖЕНЕВА, 19 июнь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Мұнда мәлім болғанындай, Индо-Қытайдағы бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселені талқылауға қатысқан 9 делегацияның бүгінгі жабық мәжілісінде Лаос пен Камбоджидегі ұрыс қыймылдарын тоқтату туралы мәселе қаралған.

Мәжілісте делегациялар өкілдерінің ресми емес кездесулері арқылы алдын-ала келісілген қарар қабылданған, бұл қарардың негізі —9 делегацияның 16 июньдегі мәжілісінде Лаос пен Камбодже делегацияларының ұсыныстарын тексере отырып, Қытай Халық Республикасының делегациясы енгізген және Совет Одағы мен Вьетнам Демократиялық Республикасының делегациялары қолдаған ұсыныстар болып табылады.

Бұл қарарға сәйкес екі жақтың командованиелерінің өкілдері Индо-Қытайдағы ұрыс қыймылдарын тезінен және бір мезгілде тоқтатуда көмектесу мақсатымен Женевада немесе жергілікті жерде дереу кездеседі. Бұл өкілдер, барлық шетелдік қарулы күштер мен шетелдік әскери қызметшілерді әдету жайындағы мәселеден бастап, кеңеске әртүрлі делегациялар жасаған ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып, Камбоджи мен Лаос терри-

ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссары аппаратының қайта ұйымдастырылуы және қысқартылуы туралы

БЕРЛИН, 19 июнь. (СОТА). Совет үкметінің Герман Демократиялық Республикасымен де басқа суверенді мемлекеттермен ойдағыдай қатынастар орнату туралы қарарына және Герман Демократиялық Республикасының мемлекеттік органдарының жұмысына ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссары осы уақытқа дейін жасап келген бақылаудың жойылуына сәйкес, ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссарының аппараты қайта

ұйымдастырылып, бұл аппарат қызметкерлерінің саны үш есе қысқартылды. Росток, Шверин, Нойбранденбург, Одердегі Франкфурт, Коттбус, Потсдам, Дрезден, Лейпциг, Галле, Эрфурт, Карл-Маркс штат, Зуль, Гера, Магдебург округтеріндегі ССРО Жоғарғы комиссарының өкілдіктері жойылды.

Сонымен қатар ССРО Жоғарғы комиссарының Берлиндегі өкіллігі де жойылды.

КХДР сыртқы істер министрі Нам Ирдің Женевадан жүріп кетуі

ЖЕНЕВА, 19 июнь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі) КХДР делегациясын басқарған Корея Халық Демократиялық Республикасының сыртқы істер министрі Нам Ир бүгін Женевадан жүріп кетті. Онымен бірге КХДР делегациясының мүшелері мен кеңесшілері де жүріп кетті.

Аэродромда Нам Ирді мыналар шығарған Корея Халық Демократиялық Республикасының Женева кеңесіндегі делегациясының басшысы Фам Ван Донг, ССРО сыртқы істер министрінің орынбасары В. В. Кузнецов КХР сыртқы істер министрінің орынбасарлары Чжан Вэнь-тянь және Ли Кэ-нун, ССРО-ның Швейцариядағы кеші елшісі Ф. Ф. Молочков, Швейцария үкметі орындарының өкілдері және басқалары.

Нам Ир аэродромда болған баспасөз өкілдеріне мынадай мәлідеме жасады:

«Корея Халық Демократиялық Республикасының делегациясы Женева кеңесінің ең басынан-ақ, бұл кеңеске жақсы нәтижеге жету үшін күшін аямай жұмсады.

Бұл кеңеске біз корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу туралы бірқатар нақты ұсыныстар енгіздік. Біздің ұсыныстарымызды Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының өкілдері қолдап қарсы алды. Біздің ұсыныстарымызда баяндалған әділеттік және асылға сыйымды принциптерді кейбір басқа мемлекеттердің өкілдері де бекер дей алмады. Бірақ, Оңтүстік Кореяның, АҚШ-тың және бұ-

лардың соңынан еруші кейбір басқа елдердің өкілдері корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу туралы келіссөздердің барысында ізгі ниеттерін мүлде білдірмеді. Олар Корея Халық Демократиялық Республикасының Совет Одағының және Қытай Халық Республикасының өкілдері кеңесте тапсырған ұсыныстар жөнінде мүлде теріс позиция ұстады. Бейбітшілікке қарсы шығып отырған АҚШ-тың және олардың соңынан еруші батыс державаларының өкілдері 16 мемлекеттің бірлескен декларациясы дейтінді сынаржақтықпен жариялап, Женева кеңесінде корей мәселесін талқылауды сәтсіздікке ұшыратты. Кеңестің сәтсіздікке ұшыратылғаны үшін барлық жауапкершілік батыс державаларына жүктелетіндігін Женева кеңесінде корей мәселесі жөнінде жүргізілген келіссөздердің протоколдары толығымен дәлелдейді.

Женева кеңесінде корей мәселесі жөніндегі келіссөздердің сәтсіздікке ұшыратылғанына қарамастан, Корея Халық Демократиялық Республикасы өзінің бейбітшілік саясатына сәйкес, біріннен, тәуелсіз, демократиялық Корея құру жолындағы күресін оған әрі жүргізе береді.

Бүгін Женевадан кетіп бара жатып, мен Корея Халық Демократиялық Республикасының делегациясы атынан Швейцария үкметі мен Женева азаматтарының бізге Женевада болған кезімізде көрсеткен меймаңдстығы үшін оларға шын жүректен алғыс айтамын».

Хауіпсіздік Советінде

НЬЮ-ЙОРК, 18 июнь. (СОТА). 18 июньдегі мәжілісте хауіпсіздік Советі Таиланд делегациясы тапсырған қарар жобасын оған әрі талқылап, оны дауысқа қойды. Бұл қарар жобасы «бейбітшіліктің сақталуын бақылау жөнінде көмекші комиссия» құруды және оның бақылаушыларын Таиландка Индо-Қытай шекараларына жіберуді ұсынады.

18 июньдегі мәжілісте шығып сөйлеген Данияның, Колумбияның, Францияның және Англиядың кеші елшілері Таиландқа

рикан империализмінің БҰҰ жалауын бетке ұстауға тырысқан әрекеті ғана болып табылатындығын фактілермен дәлелдеп берді.

Бұдан кейін Хауіпсіздік Советінің председатели америка делегаты Лодж қарар жобасын дауысқа қойды. Советтің америка делегаты бастаған көпшілігі қарар жобасын жақтап дауыс берді. ССРО өкілі бұған қарсы дауыс берді. Ливан делегаты қалыс қалды. Хауіпсіздік Советінің

нің қолданылуы новонавловтықтардың үндеуіне іспен жауап беру үшін, аянбай еңбек етіп, қажырлылықпен жұмыс істеуде.

К. ҒУМАРОВ.

Колхоз байлығы артуда

«Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артелінің дәулеті жылдан жылға артып келеді. Колхоз өткен жылы дәнді дақылдардың әрбір гектарына орта есеппен 15-17 центнерден өнім алды. Соның нәтижесінде колхоз астық тапсыру жоспарын асыра орындап, колхозшылардың әрбір еңбекшісіне 6 килограмнан астық, 4 сомнан ақша берді.

Үстіміздегі жылы колхозшылар көктемгі егісті жоғары агротехникалық ережелерге сай жүргізді. Бұл — дәнді дақылдардан түсетін өнімді арттыруға зор мүмкіншіліктер туғызбақ.

Новонавловтықтардың елді пункттерді көркейту жөніндегі үндеуі артель мүшелерінің қызу қолдауын тапты. Олар селода құрылыс жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізіп, колхозды деревняның бейнесін көркейтуге міндеттенді. Кәзірдің өзінде мұнда 3 стандартты мал қорасы, малшылар үшін 2 тұрғын үй, клуб, дәрігерлік орындар салынды.

В. ЕЛЕУСІЗОВ,

Преснов ауданы.

тиханымен бірге мемлекеттік емтихан тапсыру жұмысы да қызу жүргізілуде.

Жақында Советтер Одағының Коммунистік партиясының тарихынан, орыс тілі, қазақ тілі, педагогика пәнінен төртінші курс студенттері емтихан тапсырды.

Мемлекеттік емтиханға қатнасаң 88 студент түгел дерлік 4-5 деген бағаға ие болды. Студенттер Сәкен Мырзажанов, Шәрбан Шахметова, аналы-сіңділі Анна, Люба Черкалиналар, Раиса Горковенко, Әсия Рахметовалардың емтихан билеттерінің сұрақтарына берген жауаптары толық, түсінікті, мазмұнды болды. Сөйтіп, олар оқу программасын жете меңгергендіктерін бірден-ақ аңғартты.

Кәзірдің өзінде осы училищені бітіріп, Отанымыздың ірі қалалары мен селоларында еңбектің қайнаған ортасында жүргендер аз емес.

Аудандық партия комитетінің секретарлары Алексей Дворников, Иван Иванов, жазушы Иван Шухов, геология ғылымының кандидаты, Петропавлдың оқытушылар институтының оқытушысы Георгий Овчинников, Балқаш қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Швайкина жолдастар да осы училищеде тәрбиеленгендер.

Облысымыздың өзінде 20 дан астам мектеп директорлары мен аудандық оқу бөлімінің меңгерушілері де осы училищені бітіріп, жоғары дәрежелі білім алғандар.

бектері үшін 13 оқытушы үкметіміздің ордендерімен наградалды. Булар да осы училищенің тәрбиеленіп шыққандар.

Үстіміздегі жылы бұл училищеде 370-теп астам студенттер оқиды. Олардың ішінен 88 студент бастауын мектеп оқытушысы атағын алып, ал, 30 студент оқу жасына толмаған балалардың тәрбиешісі деген атақ алып шығады.

Оқуды быйыл бітіретін студенттер өздерінің бөлшектерімен жоспарлап отыр. 1954—1955 оқу жылында 5 студент Қарағандының педагогикалық институтына түспек.

Сол сияқты, оқуды тек жақсы өте жақсы деген бағамен бітіретін студенттер Тамара Маслова, Нина Куприенко, Раиса Горковенко тағы басқа 20-дан астам студенттің келешегі тілті қызғылықты, бөлшектері сәулетті болып отыр. Олар ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету жолындағы басты міндет болып отырған еліміздің игерілмей жатқан тың және тыңайған жерлерді игеру үшін ұйымдасқан жаңа совхоздарға баруды тілек етті.

Ал, кейбір студенттер көршілес облыстар Көкшетау, Ақмола, Қостанайға барып, жас оқушыларға коммунистік рухта тәлім-тәрбие беріп, елімізде коммунизм құру жолындағы аянбай еңбек етіп жүрген жастардың жаңа топтарын көптеп даярлаймыз — дей сендіреді.

Ж. МҰҚАНОВ.

ҮЛГІЛІ КЛУБ

Клуб әдеттегідей бүгін де жұмысшыларға толы. Оқу залы. Қызыл шұға жауып, қаз-қатар қойылған ұзын столды жағалай отырғандардың біреулері газет, біреулері журнал, кітап оқып отыр. Олар өзара әңгімелесіп, оқығандары жөнінде пікір алысады.

Концерт залы. Мұнда орыстың ұлы реалист жазушысы Максим Горькийдің қайтыс болған күнін еске түсіру кеші өткізілмекші. Кешкі сағат 8-ге жуықтаған кезде жұмысшылар залға топ-топ болып келе бастады. Олар кештің басталуын асыға күтуде.

Сауық кеші «Горькийдің өмірі мен жазушылық қызметі туралы» лекциямен басталды. Лектор оның балалық шағындағы өміріне, творчестволық қызметінің өсуі жолына ерекше тоқталды. Бір кезде кісі өсігінде жүрген Алеша Пешковтың (Максим Горькийдің) халық жауларына қарсы күреске шынығып, Ленин мен Сталиннің басшылығы арқасында ірі мемлекет қайраткері, пролетариаттың ұлы жазушысы дәрежесіне дейін көтерілгендігі туралы айтылды. Лектор сөзінің соңын Горький шығармаларының дүние жүзіндегі бейбітшілікке хауіп төндіріп отырған америка империалистерінің әшкередеуде кәзірде зор маңызы бар екенін айтумен аяқтады. Лекциядан кейін клубтағы үйірме мүшелерінің күшімен ұлы жазушының

«Васса Железнова» атты пьесасы қойылды.

Бұл — қаладағы Ленин атындағы темиржолшылар клубында болған еді. Клубта драма, хор, би, духовой оркестр сияқты өнерпаздар үйірмелері арнаулы жоспар бойынша істейді. Бұл үйірмелерді Выгарский, Ефимов, Данилов, Вартарьян жолдастар басқарады. Клуб өнерпаздар коллективтері облыстық байқауға жақсы әзірлікпен келгенді. Сондықтан да олардың репертуары әртүрлі және орындау шеберлігі жөнінен де тартымды болып шықты. Коллектив әдеби музыкалы монтаж әзірледі. Құрамында 200-ден астам адамы бар бұл коллектив облыстық байқаудың қорытындысында бірінші орынға ие болды. Байқаудағы бірінші орынды алғандары үшін драма үйірмесіне, хор, балет және үйірме бастықтарына мақтау қағаздары берілді. Адыңғы қатарлы үйірме мүшелері Карачева, Водьянова, Ульяновская, Рульева тағы басқа жолдастар темир жол жұмысшылары мен қызметкерлеріне концерт, постановка қойып, мәдениетті қамтуда үлкен белсенділік көрсетуде.

Өнерпаздар үйірмелерінің мүшелері демалыс күндері жақын колхоздарға барып, еңбекшілерге бірнеше рет концерт қойып, түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізді. Колхозшылар олардың концерттерін қызыға көріп, әңгімелерін зор ынтамен тыңдайды.

Г. КӨРПЕШОВА.

ға байланысты мәселелерді зерттейді. Екі жақты командованиесінің өкілдері өздерінің қорытындылары мен ұсыныстарын әлсіздігіне қысқа мерзім ішінде кеңеске хабарлайды.

9 делегацияның бүгінгі мәжілісінде, мұның үстіне, кеңес өзінің жұмысын онан әрі жүргізеді деп ұйғарылған. Вьетнам, Лаос және Камбоджа мәселелерімен шұғылданып жатқан командованиелердің өкілдері 21 күннен кешікпей аралық немесе түпкілікті баяндамасын кеңеске тапсыруға тиіс.

СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ ЖЕНЕВА КЕҢЕСІ

ЖЕНЕВА, 20 июнь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін 9 делегацияның жабық мәжілісінде Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе онан әрі талқыланды.

Камбоджа мен Лаосқа ұрыс қыймылдарын тоқтату туралы мәселе жөнінде мынадай төсет келісілді:

«Индо-Қытайдағы ұрыс қыймылдарын тесінен және бір мезгілде тоқтатуға көмектесу мақсатымен мынадай шаралар ұсынылады:

а) екі жақты командованиелерінің өкілдері Женевада немесе жергілікті жердің өзінде дереу кездеседі;

б) олар, барлық шетелдік қарулы күштер мен шетелдік әскери қызметшілерді әкету жайындағы мәселеден бастап, кеңеске әртүрлі делегациялар жасаған ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып, Камбоджа мен Лаос территориясында соғыс қыймылдарын тоқтатуға байланысты мәселелерді зерттейді;

с) олар өздерінің қорытындылары мен ұсыныстарын мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде кеңеске хабарлайды».

Мұнымен қатар кеңес өзінің жұмысын онан әрі жүргізеді деп ұйғарылды.

Вьетнам, Лаос және Камбоджа мәселелерімен шұғылданып жатқан командованиелердің өкілдеріне 21 күннен әрі кешікпей кеңеске аралық немесе түпкілікті баяндама тапсыру ұсынылды.

Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын бөлімі Қарағанды облысындағы Жезқазған, Теміртау, Балқаш және басқа қалаларында, Ақмола қаласында, Солтүстік Қазақстан облысында өнеркәсіпте және құрылыста жұмыс істеу үшін жұмысшылар алады.

Шарт жасасқандарға 150 сомнан 800 сомға дейін біржолғы жәрдем, жолда жүрген күндеріне тәулігіне 10-15 сомнан тәуліктік ақы төленеді, жұмысшының өзі, семья мүшелері, 240 килограмм жүгі баратын жеріне тегін жеткізіледі.

Шарт жасасу үшін Петропавл қаласында — Папанин көшесі 93 үйге келіп немесе 5,97 телефон арқылы, вокзалда — ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын инспекторға, селолық жерлерде — аудандық Совет атқамдеріне, селолық Советтерге және ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын өкілдерге келіп жолынуға болады.

гациясының қарарын жолдаймыз және бұл жобаны жақтап тауыс береміз деп мәлімдеді. Олар Таиланд үкметінің Таиландтың хауіпсіздігі үшін абыржын отырғаны «заңды» болып табылады-мыс, ал Таиланд делегациясы енгізген қарар жобасы ақыла сыйымды және шамадан аспайтын жоба деп дәлелсіз сылтаулар айтты.

Совет Одағының өкілі С.Е. Парашкин СССР-ның талқыланып отырған мәселелері позициясын баяндай келіп, жоғарыда көрсетілген көмекші комиссияны құру жөніндегі ұсыныстың шын инициаторының кім екендігін көрсетті және көмекші комиссия құру жоспарының Индо-Қытайдағы соғысты ұлғайтуды көздеп отырған аме-

БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫ ҚАРУЛАНДЫ РУДЫҢ ЖОСПАРЛАРЫНА ҚАРСЫ

ЛОНДОН, 18 июнь. (СОТА). Англияның «Нис Ньюс» журналы парламент мүшесі лейборист Эмрис Хьюддің Батыс Германия армиясын құруға қарсы бағытталған мақаласын жариялады. Мақалада атап айтқанда, былай делінген: лейбористік партияның қатардағы мүшелері партияның атқару комитетінің еуропалық қорға-

ЧЕРЧИЛЛДІҢ ҚАУЫМДАР ПАЛАТАСЫНДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 17 июнь. (СОТА). Пресе Ассошиэтед агенттігінің хабарына қарағанда, Англияның премьер-министрі Черчилль 17 июньде қауымдар палатасында былай деп мәлімдеген: Англияның және Қытай Халық Республикасының үс-

ТУРКИЯДА ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЖАППАЙ ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРУ

БЕЙРУТ, 17 июнь. (СОТА). «Ени Сабих» газетінің хабарына қарағанда, 15 июньде Казлыкешмедегі жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсартып, жалақыны арттыру жөніндегі талаптарына жауап ретінде тоқыма фабрикасынан 250 жұмысшы жұмыстан шығарылған. Фабриканың иелері жұмыстан шығарылғандарға ешқандай қаражат қалдырмаған.

«Миллиет» газетінің хабарына қарағанда, жуырда Еджюльдегі резина бұйымдарын жасайтын фабрикадан 750 жұмысшы жұмыстан шығарылды.

беруі себепті, америка интервенциясы үшін негіз әзірлеу және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы соғысты ұлғайту мақсатын көздеген қарар жобасы қабылданбай қалды.

Тауысқа қойылғаннан кейін басқалармен қатар сөз сөйлеген америка өкілі Лодж Индо-Қытайдағы соғысты ұлғайтудың американдық жоспарлары жайында Совет өкілінің сөзінде келтірілген бірде-бір фактыны бекер дей алмады. Ол тек СССР-ға қарсы бағытталған әдеттегі жақсарлық сөздерін айтумен тынды. Лодж сөзінің қорытындысында АРШ делегациясының өз мақсатына Бас Ассамблея арқылы жету әрекетін онан әрі жүргізетін нәтиге бар деп аңғартты.

ныс бірлестігін қостау жөніндегі қарарына батыл қарсы шығуда.

Хьюз өзінің мақаласында Батыс Германияны қаруландыруды жақтаушылардың келтіретін сылтауларының дерексіз екенін әшкередеп, Батыс Германия армиясын құру «Шығыс мен Батыстың арасындағы шиеленістің шұғыл күшеюіне әкеліп соғатынын» атап көрсетеді.

меттері ҚХР үкметі мен Лондонға кіші елшісін жіберуі туралы келісті, ол Англияның Пекиндегі кіші елшісі сияқты дәрежеде болып, сол сияқты, міндеттер атқаратын болады.

НОРВЕГИЯДА ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ ӨСУІ

ОСЛО, 18 июнь. (СОТА). 16 июньде Норвегияда нанның бағасы жақадан қымбаттаған. Орталық санақ бюросының мәліметтеріне сәйкес, тұрмыс қажетінің бағасы 15 майда 15 апрельдегі тұрмыс дәрежесіне қарағанда 1,4 процент қымбаттаған.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ

Газетіміздің бүгінгі номері баспахана-ның (директоры А.П. Воропай) кінәсінен кешігіп шықты.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚАН ҚҰПЬЯСЫ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ВОЛГА -ВОЛГА»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.